5 Енді қашан келесің, бұл өмірге...

6 Қала тарихы музейі: екі ғасырдың дерегі

5 қазан, сенбі 2024 жыл

Сыр бойы

95 жыл

№153-154 (20827-20828)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ПРЕЗИДЕНТ

ҚОҒАМ АЙНАЛАСЫНА БЕЙЖАЙ ҚАРАМАЙТЫН АЗАМАТТАР АРҚАСЫНДА ДАМИДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумында сөз сөйледі.

Президент өз сөзінде мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін атап өтіп, 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгізілгеніне, соның нәтижесінде Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгеніне, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданғанына назар аударды.

– Онда жергілікті өкілді билікке қатысты мәселелер де бар. Атап айтсақ, облыстық мәслихат сайлауы аралас жүйе арқылы өтеді. Ал аудандық депутаттар тек қана мажоритарлық тәсілмен сайланады. Бұл қадам еліміздің демократиялық жолмен дамуына зор серпін берді деп сеніммен айта аламыз. Ауқымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жандана түсті. Жаңа ережеге сай өткен сайлаудан кейін мәслихаттарға жаңа адамдар келді. Алты саяси партияның өкілдері депутат мандатына ие болды. Қазір мәслихат мүшелерінің оннан бірі ғана – партиялық тізіммен келген депутаттар. Қалғаны түгел – бір мандатты округтен сайланған азаматтар. Өзін-өзі ұсынған – 434 адам депутат атанды. Ашығын айтсақ, бұрын саяси партиялар түрлі санаттағы азаматтармен жұмысқа көп көңіл бөлмейтін. Заңмен талап еткеннен кейін ғана мән бере бастады. Мысалы, партиялық тізімде жастарға арнайы квота бөлінді. Бұл шешім олардың қоғамдық-саяси үдеріске араласуына жол ашып берді. Бұрын мәслихаттағы жас азаматтардың үлесі 2 пайызға да жетпейтін. Қазір заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде бұл көрсеткіш еселеп артты деуге болады. Бүгін де ортамызда көптеген жас депутаттар отыр. Олар түрлі мінберден жастарға қатысты өзекті мәселелерді батыл көтеріп жүр. Өкілді билікте әйелдердің қатары көбейе түсті. Елімізде қыз-келіншектердің бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетілуде. Әйелдердің құқығын қорғауға баса назар аударылып жатыр. Осының бәрі реформаның нақты нәтижесі екені сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент депутаттардың өкілді билік функциясын халықтың сеніміне сай жоғары деңгейде атқаруына қажет бірнеше мәселеге тоқталды.

Ең бірінші кезекте, мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру керек.

– Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт. Сондықтан оның тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты. Біліміне білігі сай депутаттар корпусын жасақтауға, ең алдымен, оларды ұсынған партиялар мүдделі болуы керек. Бүгін мәслихат депутаттарының біліктілігін жетілдіру туралы ұсыныс айтылды. Мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру үшін бұл бағытқа ерекше назар аудару қажет. Бұған Мемлекеттік басқару академиясын тарту керек. Партиялар өз депутаттарының біліктілігін жетілдіру мақсатында Академиямен ынтымақтастық орнатқан жөн деп санаймын. Әрине, бұл жұмысты аймақтың ерекшеліктерін, халық қалаулыларының кәсіби және қоғамдық-саяси тәжірибесін ескере отырып ұйымдастыру қажет. Сонымен бірге депутаттар халықпен тікелей байланыс жасай білуге және өз жұмысы туралы қоғамды жан-жақты хабардар етуге тиіс. Мойындауымыз керек, бұл істе көзге көрініп тұрған кемшіліктер бар, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, мәслихаттардың жергілікті экономикалық саясатқа ықпалын арттыра түсу мәселесіне айрықша мән берген жөн.

– Қазір жаңа Бюджет және Салық кодекстері әзірленіп жатыр. Онда жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты реформаның ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Үкімет ауыл әкімдерінің бюджетін қалыптастыру және оны жұмсау тәсілдерін қайта қарауы керек.

2-бет

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНАН» СЫЙЛЫҒЫ: Аймақтар арасында Қызылорда бірінші

Астанада өткен III Ұлттық қайырымдылық конференциясы аясында қайырымдылықты дамытуға елеулі үлес қосқан адамдар мен ұйымдарға «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры тағайындаған арнайы сыйлықтар табысталды.

Сыйлық «Қазақстан халқынан» деп аталады, яғни қордың атауымен үндеседі. Баршамыз Қазақстанның біртұтас халқы екенімізді көрсетіп, қайырымдылық жасаушылар мен көмек алушылардың бірлігін бейнелейді. Жүрек және бионикалық қолмен безендірілген шыны стелла қайырымдылық, инновация және ғылым арасындағы байланысты білдіреді.

Салтанатты рәсімде Қызылорда облысының әкімдігі өңірдегі оңалту және медициналық қызметтер бағдарламасын қолдағаны үшін «Аймақтың игілігі үшін стратегиялық альянс сыйлығымен» марапатталды. Бұл сыйлықты аймақтар арасында бірінші болып тек қана Қызылорда облысы иеленді.

Сыр өңірі «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз әріптестік байланыс орнатқан. Қор аутизмі және басқа да ақыл-ой жетіспеушілігі бар балаларға арналған орталықтарды жабдықтауға, сенсорлық бөлме орнатуға, орфандық аурулары бар пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге қолдау көрсетті. Медициналық генетиктер мен ультрадыбыстық диагностика мамандарын шетелде оқыту, шала туған нәрестелерге офтальмологиялық скрининг жасайтын және емдейтін жабдықтар алуға мүмкіндік жасады.

Облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылып, аса қымбат дәрі-дәрмек алынды. Қор облыстық онкология орталығын республикада 3 облыста ғана бар, құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын скринингке арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті.

Жаңақорған ауданында да «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылып, озық үлгідегі жабдықтармен жарақталды. Дәл осындай нысан жыл соңында Арал ауданында да ашылады. Жалпы қордың қолдауымен 3,699 млрд теңгеге ауқымды жұмыстар атқарылды.

«Қазақстан халқынан» сыйлығының басқа да аталымдарына тоқталсақ, ауыл мектептерін дамыту, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және оңалту бағдарламалары бойынша жобаларды іске асыруға мүмкіндік берген 30 млрд теңге көлеміндегі қайырымдылық жарнасы үшін «Ерекше қайырымдылық қолдау сыйлығы» ERG Еуразиялық тобына берілді.

2-бет

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ

АЙШЫҚТАЛҒАН АЛТЫ ҮЙ

Кейінгі кезде сәулеті артып, көркейіп келе жатқан шаһардың келбетіне көз тояды. Әсіресе, Сырдың сол жағалауында құрылыс қарқыны жоғары. Оны ең алдымен қалаға келген қонақтар аңғаратыны сөзсіз. Өңір тұрғындары үшін жағымды жаңалықтың бірі – жеті қабатты тұрғын үйлердің бой көтеруі. Былтыр сәуір айында басталған үйлер жыл соңына дейін пайдалануға берілмек. Біз құрылыс басына барып, қызу тірлікті көзбен көріп қайтқан едік.

Суреттерді түсірген Нұрболат Нұрқожабай

Сол жағалаудағы өзгелерге ұқсамайтын бұл үйлердің сыртқы бейнесі ерекшелігімен менмұндалайды. Бір аумақтағы 6 тұрғын үй айналдыра салынған. Құрылысы 90 пайыз аяқталыпты. Ауа райымен санаспаған құрыш білектілердің тынымсыз жұмысының нәтижесі деуге болады. «Орион LTD» ЖШС мекемесінің шебері Дәурен Қозбақов бұл салада екі жылдан бері жұмыс істейді.

– Біздің мекеме екінші тұрғын үйдің құрылысын жүргізді. Мұнда іргетасын қалаудан бастап, барлығын жасадық. Одан кейінгі сылақ, кафель жапсыру секілді ішкі жұмыстарды да аяқтадық. Енді жуып тазартуға кірісеміз. Қаламызда осындай әдемі, әсем үйлердің салынуына өз үлесімді қосқаныма қуанамын, – дейді ол.

Әр үйде 84, барлығын қосқанда 504 пәтер бар. Кең дәліздегі төрт пәтердің біреуі 2, қалғаны 3 бөлмелік. Бөлмелер кең әрі жарық. Үш бөлмелі пәтердің аумағы 80 шаршы метр.

– Бұл үйлердің құрылысын «Аман Құрылыс», «Орион LTD», «Риголит», «Промсервис», «Абу-Сер» мекемелері жүргізді. Бүгінде жұмыстың 90 пайызы аяқталып қалды. Барлығы заманауи бағытта және жаңа технологиялардың көмегімен салынған. Жеті қабатты болғандықтан, лифт қарастырылған. Аула ішін көркейту, газон егу, балаларға арналған ойын алаңын салуды «Алтын Айдарлы» мекемесі жүргізді, – дейді қалалық құрылыс бөлімінің маманы Мәулен Бөбетаев.

Жалпы қазіргі таңда шаһардың сол жағалауында 16 тұрғын үй салынып жатыр. Оның ішінде 6-уы жеті қабатты болса, қалғаны бес қабатты. Баспаналы болуға асығып жүргендердің қоныс тойының ауылы алыс емес секілді. Желтоқсан айының ішінде жағымды жаңалықты бөлісетін боламыз.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

САРАП

ҚОҚЫС АСПАННАН ТҮСПЕЙДІ

Күнделікті жұмысқа баратын жолымда екі қоқыс алаңы бар. Ертеңгілік қасына көлік тоқтап, жүксалғышынан қалта-қалта қоқысты шығарып тастап жатады. Өзіміздің шағын ауданның тұрғындары қалдықты үйінен көлікпен тасымалдамайтыны анық. Не де болса, маңайдағы жер үйлердің тұрғындары. Біреулер қоқысқа кететін шығынды осылай үнемдейтін шығар, кім білсін? Кейбіреуінің келісім-шарты болуы да мүмкін. Кешкісін контейнерлердің аузы-мұрнынан шыға толғанына қарап, кездейсоқ келіп тастайтындар шектен тыс көп пе деп ойлайсың.

Фото: Ақмық дереккөзден

Азық-түлік, тұрмыстық техника мен химия, киім өмірімізге жайлылық сыйлаған соң қоқысқа айналатыны заңдылық. Бірақ ауа жұту, тамақ ішу сияқты табиғи қажеттіліктер қатарына қоқыс шығаруды қоспайтынымыз бар. Содан болар, ішіп-жегені мен тұтынғанынан қалғанды кез келген қоқыс жәшігіне немесе белгіленбеген жерге лақтырып кетудің тыйылмай отырғаны.

3-бет

Валюта бағамы 482,86 kzt | 533,17 kzt | 5,08 kzt

Ауа райы +22⁰ +24⁰ | +22⁰ +24⁰

ҚОҒАМ АЙНАЛАСЫНА БЕЙЖАЙ ҚАРАМАЙТЫН АЗАМАТТАР АРҚАСЫНДА ДАМИДЫ

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қаржылық дербестігін арттыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі қажет. Кодекс жобаларын талқылауға мәслихаттар белсене қатысқаны жөн. Жергілікті бюджет қаржысының дұрыс әрі тиімді бөлінуі өте маңызды. Депутаттар бұл мәселеге зор жауапкершілікпен қарауға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент саяси партиялардың қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жобалары мен бастамаларына тоқталып, көктемгі алапат су тасқыны кезінде бекем бірліктің үлгісін көрсеткен партиялардың, өзін-өзі ұсынған депутаттардың азаматтық белсенділігіне оң баға берді.

– Партиялардың жалпыұлттық міндеттерді шешу ісіне жұмыла кірісетіні қуантады. Тоғыз мыңнан астам отбасы су басқан үйлерін жөндеуге және қалпына келтіруге төлем алды, алты мыңға жуық отбасына баспана сатып алуға қаржы бөлінді. Қысқа мерзім ішінде 2,5 мыңнан астам жаңа үй салынды. Жоспарланған 2680 үйдің 2620-сы пайдалануға берілді. Мұның барлығы – мемлекеттің, бизнестің және қоғамның бірлесе атқарып жатқан жұмысының нәтижесі. Мен саяси партиялар, мәслихаттар мен қоғамдық ұйымдар дәл осындай мызғымас бірлікте жұмыс істеуі керек деп санаймын. Түптеп келгенде, алдымызда тұрған мақсат – ортақ. Бұл – елімізді өркендету және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту,– деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау жүйесі елімізде жаңа саяси ахуалдың қалыптасуына жол ашқанын атап өтті.

– Жергілікті атқарушы билікке жаңа буын өкілдері көптеп келе бастады. Кәсіпкерлердің, қоғамдағы белсенді азаматтардың, жастардың арасынан шыққан әкімдер аз емес. Қазір олар ел басқару ісін үйреніп, тәжірибе жинап жатыр. Жедел шешім қабылдап, жұмысты дер кезінде ұйымдастыруға бейімделіп келеді. Бұл қыста жылу-энергетика саласында күрделі жағдай болған кезде анық байқалды. Көктемдегі тасқын да кімнің қолынан іс келетінін нақты көрсетті. Шаруаға ширақ әрі елге жанашыр азаматтардың әкім болғаны дұрыс. Оларға жан-жақты қолдау көрсету керек. Әсіресе, мәслихат депутаттары мен әкімдердің бірлесе жұмыс істегені жөн. Өйткені оларды мемлекеттің жергілікті жердегі қос тірегі деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, демократия үздіксіз жүретін үдеріс екеніне айрықша назар аударды. Президенттің пікірінше, әлемдегі кез келген табысты демократиялық қоғам айналасына бейжай қарамайтын азаматтардың арқасында ғана дамиды, өміршең болады.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев келер ұрпаққа қажетті жағдай жасау ортақ парызымыз екеніне назар аударып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау, оларды жан-жақты дамыту мемлекеттік саясаттың ең басты басымдығы болып қала беретінін жеткізді.

Сонымен қатар Президент бақытты балалықтың негізі отбасы институты екеніне тоқталып, ата-аналарды тәрбие мәселесіне салғырт қарамауға шақырды. Әсіресе, ұрпақтың цифрлық дүниелерге тәуелді болуы мен виртуалды әлемге шектен тыс құмартуы нағыз дертке айналып бара жатқанына алаңдаушылық білдіріп, керісінше, оларға ел ішіндегі шынайы қаһармандарды насихаттау қажет екенін айтты.

– Мысалы, жақында өткен Дүниежүзілік олимпиададағы шахматшы қыздарымыздың жарқын жеңісі үлгі етуге тұрарлық. Біздің оқушылар математикадан, физикадан және басқа да пәндерден өткен олимпиадаларда жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Осындай талантты балаларды қолдап, олардың ұстаздарын ынталандыру керек. Таяуда академик Асқар Жұмаділдаев осы турасында: «Біздің спортшылар Олимпиадаға барып, қарсыластарын төпелеп ұрып, танауын бұзып келеді. Кейін оларды әуежайда қарақұрым халық қарсы алып құттықтайды, тіпті пәтер мен көлік сыйлап жатады. Ал математика, физика, химия пәндерінен өткен халықаралық олимпиадаларда бірінші орын алған балаларымызға мұндай құрмет көрсетілмейді» деп орынды пікір білдірді, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастырудың, Заң мен Тәртіп үстемдігін орнатудың маңыздылығы жөнінде пікір білдірді.

Жиында Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Мәжіліс депутаттары Юлия Кучинская, Ринат Зайытов, «Қазатомпром» ҰАК» АҚ ядролық отын циклы жөніндегі басқарушы директоры Әсет Махамбетов, Атырау облыстық мәслихатының депутаты, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының орынбасары Сырымбек Сәрсембаев, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, кеншілердің «Қорғау» кәсіподағының төрағасы Евгений Буслаев сөз сөйледі.

1-бет

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы «Қорқыт ата әуежайының» терминалына дейінгі автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмысымен танысты. Мердігер «Қыран» ЖШС Сырдария өзені арқылы өтетін көпірден әуежайға дейінгі ұзындығы 13,5 шақырым, ені 14 метрлік жолды бір жылда салып бітіруді жоспарлаған.

Төрт қабатты жол жабындысы төселген соң, жарықшамдар мен аялдамалар орнатылуда. Құрылыстың сапалы жүргізіліп, мерзімінде пайдалануға берілуін тапсырған аймақ басшысы бұл жолдың халықаралық стандартқа сай жаңарған әуежайға лайықты болуын басты назарда ұстауды ескертті.

Қызылорда облысы аумағындағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3580,5 шақырым, оның 1014,5 шақырымы республикалық, 555 шақырымы облыстық, 2011 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар.

Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 43,3 млрд теңге бөлініп, 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары, көшелер және көпір өткелдері жөндеуден өткізілуде.

Өткен жылдың қорытындысымен облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішінің үлесі 87,5%-ға жеткізілді. Мемлекеттік бағдарламалар аясында облыстағы жол саласын дамытуға республикалық бюджетке 61,1 млрд теңгенің 101 жобасы ұсынылды.

Биылға нақтыланған 51 жобаның 17,3 млрд теңгесі қолдау тауып, индикаторлық көрсеткішті 92%-ға жеткізу межеленген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«Қызылорда облысы бойынша 2024 жылғы IV тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 33 858 теңгені құрайды».

ПІКІР-ПАЙЫМ

БАҒДАРЛАМАЛАР ЖЕМІСІ

Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен мәслихат депутаттарының форумында көптеген мәселе кеңінен қамтылды.

Форумда «Кедергісіз келешек», «Ауыл аманаты» бағдарламалары өз нәтижесін беріп жатқандығы айтылды. Сондай-ақ Президент жастарды қолдау бағытында да маңызды іс-шаралар жүзеге асқанын атап өтті.

Айта кетерлігі, конституциялық реформа партиялардың аймақтағы белсенділігін арттырды. Халық жергілікті мәселелерді шешуге белсене атсалысуға мүмкіндік алды. Осындай жаңашыл істер «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының өз деңгейінде жұмыс жасауына жол ашты. Саяси реформалар мәслихаттардың құзыретін кеңейтуге негіз қалады. Алдағы уақытта депутаттар облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерін баламалы негізде таңдайтын болды.

Жиын барысында Президент мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру қажеттігіне тоқталды. Сондай-ақ АЭС құрылысы туралы жалпыұлттық референдум жөнінде пікір білдірді.

Жорабек НҰРЫМБЕТОВ,
облыстық мәслихат депутаты

БІРЛЕСЕ ЖҰМЫС АТҚАРУҒА ШАҚЫРДЫ

Бүгінде мәслихат депутаттарының рөлі айтарлықтай артты. Ол жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институтқа айналды. Мемлекет басшысының қатысуымен өткен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумында бірқатар мәселелер сөз болды. Онда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін айтты. 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға енгізген маңызды өзгерістер нәтижесінде Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгені белгілі. Билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданды.

Форум барысында мәслихат депутаттарының біліктілігін жетілдіру туралы ұсыныс айтылды. Мемлекет басшысы мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару қажеттігін алға тартты. Сондықтан оған Мемлекеттік басқару академиясын тартуды ұсынды. Партиялар өз депутаттарының біліктілігін жетілдіру мақсатында академиямен ынтымақтастық орнату керегін де еске салды. Сонымен бірге халықпен тікелей байланыс жасап, жұмысы туралы қоғамды жан-жақты хабардар етуде кемшін тұстар барын сынға алды.

Бір сөзбен айтқанда, форум саяси партиялар, мәслихаттар мен қоғамдық ұйымдардың өзара бірлікте жұмыс істеуіне шақырды. Өйткені, барлығының алдындағы бір міндет ол – елімізді өркендету және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту.

Нұркен БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
облыстық мәслихат депутаты

МӘСЛИХАТТАР АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР НАҚТЫЛАНДЫ

Астана қаласында барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының II республикалық форумы өтті. Жиын барысында пленарлық отырыс болды. Биылғы форумның ерекшелігі, оған Мемлекет басшысы қатысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев форумда сөйлеген сөзінде мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін атап өтіп, 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға өзгерістер енгізілгенін, соның нәтижесінде Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгенін, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіруде нақты шаралар қабылданғанын атап өтті. Аймақтардың әлеуметтік жағдайына мәслихат депутаттары әкімдермен бірдей жауапты екенін айта келіп, олардың жұмысындағы негізгі басым бағыттарға тоқталды.

Форумда депутаттардың Үкімет мүшелеріне сұрақтарын қойып, ұсыныс айтуына толық мүмкіндік болды. Мен өз тарапымнан медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегі, сондай-ақ дәріханалар желісі мен дәрілік заттар бағасын реттеу заңдылығына қатысты сауал қойдым. Сонымен қатар, субсидияланатын жұмыс орындарының нәтижесі және жүзеге асырылуы бойынша соңғы үш жылдық көрсеткіштерге әрбір аймақ бойынша кешенді сараптамалық талдау жасауды ұсындым. Депутаттардың барлық бағыттар бойынша айтқан ұсыныстары мен қойған сауалдарына толық жауап берілді.

Жалпы форумда елдің қоғамдық-саяси дамуы жолында мемлекеттік билік және мәслихаттар алдында тұрған жаңа міндеттер жан-жақты талқыланды.

Гүлшат МУСАЕВА,
облыстық мәслихат депутаты

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНАН» СЫЙЛЫҒЫ: Аймақтар арасында Қызылорда бірінші

«Қазақмыс» корпорациясы ТЖ салдарын жоюды және «Денсаулық жолы» секілді әлеуметтік бағдарламаларды қолдағаны, су тасқынынан зардап шеккендерге арналған тұрғын үйлер салу бойынша қормен белсенді өзара әрекеттескені үшін «Қайырымдылықтағы стратегиялық альянс сыйлығымен» марапатталды.

«Қазақстан Халық банкі» су тасқынынан зардап шеккендерге арналған үйлер салу бағдарламасын және қорды тұрақты қаржылай қолдағаны үшін «Қайырымдылық мақсаттар үшін бейілділік сыйлығына» ие болды.

Solidcore Resources тобы Қазақстан өңірлерінде спорттық инфрақұрылымды дамытуға қосқан үлесі үшін «Жергілікті қоғамдастық үшін қайырымдылық серіктестік сыйлығымен» марапатталды.

«Aitas.kz» холдингі Қазақстандағы ауыл мектептерін дамытуға және білім беруді қолдауға қосқан үлесі үшін «Білім беруді дамытуға қосқан тұрақты үлесі үшін сыйлығына» ие болды.

«Қамқорлық» корпоративтік қоры балалар мүгедектігіне жол бермейтін ерте аралау орталықтарын құрғаны үшін «Инклюзивті қоғамды дамыту сыйлығына» лайық деп танылды.

Талғат Кенжеболатов «Шабыттандыратын қайырымдылық жасаушы» аталымымен марапатталды. Ол үш жыл ішінде жалпы сомасы 1,3 млн теңгеден астам сомаға 300-ден астам жарна енгізген.

Адамдар мен ұйымдарды біріктіретін «Қазақстан халқынан» сыйлығын тапсыру рәсімінде қайырымдылықтың маңыздылығы айқындала түсті.

1-бет

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Жаңабаев Ғабит Жұмабекұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	40-08-16
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Мыңбаев Азамат Амантайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	40-08-17
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Даулетбаева Жанар Жұмабекқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме	27-01-00

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ТІРШІЛІКТІҢ ӨЗЕГІ

Көлік саласы – қай кезде де ел экономикасы мен өндірісінің барлық буынын байланыстыратын аса маңызды сала.

Жолаушылар тасымалы мен оның инфрақұрылымын дамыту бағытында Сыр өңірінде ауқымды жобалар іске асырылып келеді. Облыс әкімінің бастамасымен қолға алынған жолдың жайлылығын, көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыстар жемісін беруде. Биыл көлік инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық және қалалық бюджеттен 36 млрд теңге бөлінген.

Жалпы аймақ көлемінде жол жағдайы жақсарып келеді. Өзге өңірлермен салыстырғанда көш ілгері.

Мәселен, қаланың сол жағалауынан заманауи үлгідегі жаңа автовокзал құрылысының аяқталып, пайдалануға берілуі өңір үшін игілікті іс болды. Жаңа автовокзал халықтың талап-тілегі мен сұранысына сай бюджет қаржысы есебінен 975 млн теңгеге салынды. Мұнда жолаушылар мен жүргізушілерге, мүгедектігі бар азаматтарға барлық жағдай қарастырылған. Жолаушылар автовокзалдан халықаралық және түрлі бағыттағы 38 маршрут бойынша сапарға шыға алады.

Сондай-ақ өткен жылы облыс әкімінің ұйлестіруімен «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн теңгеге жуық қаржыға теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті.

Бүгінде Қызылорда қаласының қоғамдық көлік қызметі де жақсарып, үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобустармен толықтыру бойынша ауқымды жұмыстар жасалуда. Кейінгі жылдары аймақта барлық саланың материалдық-техникалық базасын, оның ішінде автопаркін жаңартуға басымдық берілді.

Жыл сайын көңіл бөліп, тыңғылықты атқарылып жүрген жұмыстардың бірі – қалаішілік көшелерді жөндеу. Биыл да қаланың бірқатар көшесі жөндеуден өтіп, абаттандырылуда.

Қожа Ахмет Яссауи көшесінің Ә.Бөкейхан көшесінен Әйтеке би көшесіне дейінгі аумағын қайта жаңғыртуды мердігер «Қыран» ЖШС наурыз айында бастады, жоба құны – 3 млрд теңге. Ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолақтыға ауыстырылып, толығымен жарықтандырылады, арық қазылып, жаяу жүргіншілер жолы төселеді және жарықшамдары орнатылады. Сондай-ақ қаланың Жаппасбай батыр магистральді көшесі, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы да төрт жолақтыға кеңейтілуде.

Бұдан бөлек әуежай жолы мен Шиелі ауданынан кіреберіс жолдарға кеңейту жұмыстары жүргізілсе, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ «Қызылорда-Құмкөл» жолын қайта жаңғырту үшін техникалық-экономикалық негіздеме дайындауда. Еліміздің бас қаласы Астана бағытынан кіретін Сағымбаев көшесіне де қайта жаңғырту жұмыстары үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

Қала аумағындағы 96 көшеге күрделі, 34 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Оның ішінде Е.Көшербаев көшесі қайта жаңғыртылса, Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі аралықта жаңа жол салынды. Сонымен қатар, Сырдария жағалауының бойынан ескі базар мен «Мерей» шағын ауданы аралығына жаңа жол салу жоспарлануда.

Қызылорда қаласы бойынша 81 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін республикалық бюджеттен 1,4 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде қаладан 54, Тасбөгеттен 6, «Сабалақтан» 15, «Белкөлден» 5, «Ақжарма» ауылдық округінен 1 көше жарықтандырылады. Онан бөлек 2,3 млрд теңгеге қаланың 54 көшесіне жаяу жүргіншілер жолы салынды. Мұндай бастамалар қалаға қарасты Тасбөгет, «Белкөл» кентінде және «Қарауылтөбе» ауылында да жүзеге аспақ.

Көпқабатты тұрғын үйлердің ауласына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қалаға жаңа тыныс әкелді. Оған бюджеттен 619,3 млрд теңге бөлініп, 23 көпқабатты тұрғын үйдің ауласы жөнделуде. Сонымен қатар 25 көпқабатты тұрғын үйдің балалар ойын алаңдарын қайта жаңғыртуға бюджеттен 1,5 млрд теңге қаралып, мердігер «Авангард ПГС» және «Азамат Құрылыс» ЖШС құрылыс жұмыстарын бастап кетті.

Биыл аялдамалар қатары заман талабына сай жаңа 10 аялдамамен толығады. Оны орнату үшін қалалық бюджеттен 52,5 млн теңге бөлініп, «Алжир Групп» ЖШС темір конструкцияларын әзірлеуде.

Шаһарда абаттандыру жұмысы да қарқын алған. Қаланы көгалдандыру мақсатында «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылды.

Көшені абаттандыру жұмыстарына 725 млн теңге бөлінді. Мердігер «BSG Инжиниринг» ЖШС жұмысты жуық арада бастап, қараша айында аяқтамақ. Жоба бойынша теміржолдың екі бетіне тұрғындардың серуендеуіне ыңғайлы аллеялар, жаяу жүргіншілер жолы салынды. Бұл көше халыққа қолайлы болуымен қатар, Қызылордаға жеткен пойыз жолаушыларының қаланың көркі, тазалығы туралы алғашқы ойын қалыптастырады. Осылайша қаланың орталық көшелері ғана емес, шет аймақтағы көшелер де кеңейтіліп, көркейтіледі.

Сондай-ақ қарқынды құрылыс алаңына айналған Қызылорда қаласының сол жағалауындағы жаңа автовокзал ғимаратының аумағына ағаш көшеттері отырғызылып, көгалдандырылды.

Жуырда қолданысқа берілетін «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының аумағы да абаттандырылды. Жергілікті бюджеттің 4 млрд 300 млн теңгесі инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және кәріз желілерін, автожол жүргізуге жұмсалды. Осы аумаққа 615 шаршы метр гранит жабыны, 16,2 шаршы метр асфальт, 4038 шаршы метр кеспе тас және 3630 шаршы метр қиыршық тас төселуде. «Қызылорда қаласындағы әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру құрылысы» жобасы бойынша 4 жолақты, ұзындығы 480 метр, әр жолақтың ені 3,5 метр болатын жол салынуда.

Бұдан бөлек, құны 350,1 млн теңгеге «Бәйтерек» тұрғын ауданына «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірі қолданысқа өтсе, Ғ.Мұратбаев көшесі мен Қ.Яссауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпір ел игілігіне пайдалануға берілді.

Тағы бір қуанышты жаңалық – жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағыты бойынша 5,7 млрд теңгеге Сырдария өзенінің сол жағалауындағы басты көше жолының «Батыс Европа-Батыс Қытай» көлік дәлізімен жанасатын жерінде көлік айрығын салу жобасының аяқталуы.

Еске салсақ, облыста өткен жылы 38 млрд теңгеге 671 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 87,5 пайыз болса, осы жылдың қорытындысымен бұл көрсеткішті 92 пайызға жеткізу жоспарда тұр. Қазіргі таңда жергілікті жол инфрақұрылымын дамыту бағытында ұсынылған 61 млрд теңге бюджеттік өтінімнің 30 млрд теңгесі қолдау тауып, 215 шақырым автомобиль жолдары, көпір өткелдері және көшелер жөнделмек. Жыл соңына дейін қаржыландыру көлемі тағы да ұлғайтылады. Оның ішінде Қызылорда қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерге 28,3 млрд теңгеге бюджеттік өтінім беріліп, оның 12 млрд теңгесі қолдау тапты. Айта кету керек, өткен жылы Қызылорда қаласында 11 млрд теңгеге 82 шақырым болатын 267 көше жөндеуден өтті.

Қаланың абаттандырылуы, бүгінгі көркі көңілді сергітеді. Тынымсыз еңбектің арқасында Қызылорда қаласы тазалығы бойынша ең таза қалалар көшін бастап тұр.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

БРИФИНГ

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР КЕЛУШІЛЕР НАЗАРЫНА ҰСЫНЫЛДЫ

Бейсенбі күні облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Тұранның алтын жауһарлары» атты брифинг өтті. Брифинг аясында келушілер назарына музейдің 85 жылдығына орай «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары ұсынылды.

Музей директоры Сапар Көзейбаев Сыр еліндегі тарихи-мәдени эволюцияның дефинациясын музейлік реконструкциялар арқылы көрсету тәжірибесін бөлісті. Одан кейін жоғарыда аталған қос жәдігерді қайта жаңғыртқан археологтар Ринат Кутдусов пен Әзілхан Тәжекеев жұмыс барысында қолданылған ғылыми деректер мен әдіс-тәсілдер туралы айтты.

– «Түгіскен көсемі» реконструкциясы – Сырдың төменгі ағысында орналасқан тарихи маңызы бар археологиялық кешендердің бірі. Ол XX ғасырдың 60-жылдары Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы кезінде табылған алтын қылышты сақ көсемінің мүрдесі негізінде орындалған, – деді «Қазақ материалдық мәдениет ғылыми зерттеу және жобалау институты» ЖШС-ның даму жөніндегі директоры Ринат Кутдусов.

Тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеевтің айтуынша, Жетіасар мәдениеті – Сырдың төменгі ағысындағы ерекше археологиялық кешен. Хорезм экспедициясының өкілдері оны Орта Азия ғана емес, тіпті Еуразия археологиясындағы ерекше құбылыс деп есептейді.

– 50-ге жуық қала бір жерге шоғырланған және әрқайсысының сыртында 600-700-дей, кейде тіпті 1000-ға жуық үлкен қорымы бар. Қазір қорда 650-ге жуық адам сүйегінің антропологиялық дерегі жиналған. Ол Ресейдің ғылыми ұйымдарында сақтаулы. Зерттеу барысында Жетіасар мәдениеті тұсында тұрғындардың өмір сүру ұзақтығы 37-40 шамасында болғанын анықтадық. Ал орта жас – 25-30 аралығында. Сол кез үшін бұл табиғи жас болып есептелуі мүмкін, – деді ол.

Археологтар реконструкцияны этнограф, қару-жарақтанушы Қалиолла Ахметжанмен бірге жасаған. Қос жәдігердің түпнұсқалары Ресейдің мемлекеттік тарих музейі қорында және Мәскеудегі Миклухо-Маклай атындағы Антропология және этнология институтында сақтаулы.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚОҚЫС АСПАННАН ТҮСПЕЙДІ

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Дүниежүзілік банктің мәліметіне қарағанда, әлемде жыл сайын 2 млрд тонна қатты қалдық жиналады екен. Орта есеппен алғанда, бір адам күніне 1 келідей қоқыс тастайды. Бұл көрсеткіш әр елдің экономикалық өсіміне қарай адам басына 4,5 келіден келуі де мүмкін. Жыл өткен сайын қоқысты шығару, өңдеу жаһандық проблемаға айналатын түрі бар.

Халық санының көбеюінен және урбанизацияның әсерінен өрши түскен бұл проблеманы шешуге халықаралық ұйымдар да атсалысуда. Бірақ бұл ретте әр елдің өз талпынысы өте маңызды.

Қалдықтарды басқару ісін сауатты үйлестірген, жүйелі әрі жаңашыл әдістер арқылы табысқа жеткен Швецияны алайықшы. Мұнда қоқыстың 99 пайызы өңделеді екен, 32 зауыт елді жарықпен және жылумен қамтуға айтарлықтай үлес қосады. Өңдеу жүйесінің тиімділігі өте жоғары болғандықтан Швеция қоқысты басқа елдерден импорттайды.

Жапония, Корея сияқты Азия елдерінде қоқысты түрлі категорияға бөліп сұрыптау туралы заң бар. Оның талаптары орындалмаса, тұрғындар әжептәуір айыппұл арқалайды.

ЕЛІМІЗДЕГІ БЕТАЛЫС ҚАНДАЙ?

Экономикасы тез дамып келе жатқан мемлекеттер қатарындағы елімізде де тұрмыстық қалдықты басқару мәселесі өзекті. Жыл сайын 5 млн тонна қоқыс жиналатынын, оның негізгі бөлігі экологиялық стандарттарға сай келмейтін полигондарға жөнелтілетінін, аймақтарда 5 мыңнан астам белгіленбеген қоқыс алаңы барын айтсақ, мәселенің қаншалықты ауқымды екені байқалады.

Жыл басындағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы «Қалаларды абаттандыру жұмыстарын белсенді қолға алып, оның ластануына жол бермеу қажет. Ең алдымен, ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу керек. Ол үшін инвестор тарту маңызды» деп атап өтті. Елімізде 8 өңдеу зауыты жұмыс істейді. Оларға тұрмыстық қалдықтың 15 пайызға жуығы ғана жіберіледі. Үкімет наурыз айында 37 қоқыс өңдеу нысанын салу, қолдағы барды қайта жаңғыру туралы жоспарды мақұлдады. Бұл арқылы өңдеу ісі жылына 1,4 млн тоннаға ұлғаяды.

Әрине, қоқыс өңделу үшін алдымен сұрыпталуы тиіс. Кейбір қалаларда қалдықты бөлек-бөлек төгуге арналған контейнерлер орнатылуда. Бірақ тұрғындар бұл жаңашылдықты қабылдап, толық іске асыруға әлі де дайын емес сияқты.

Шілденің 1-нен елімізде қоқысты жинау мен тасудың жаңа стандарттары енгізілді. Ол бойынша тапсырыс беруші қатты тұрмыстық, ірі көлемді қалдықтарды бөлектеп жинауды ұйымдастырады, олар кестедегі тәртіппен тиеліп әкетіледі.

ӨҢДЕУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҮШ ЖОБА

Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының деректеріне қарағанда, облыста қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және өңдеумен 17 кәсіпкерлік субъектісі айналысады.

Мемлекет басшысының ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу тапсырмасына сәйкес, алдағы 2 жылда 10 жоба іске асырылады. Өңірдің барлық ауданы мен облыс орталығы Қызылорда қаласы қамтылады. Бүгінде инвесторлар анықталды.

Қалдықтарды сұрыптау және өңдеу саласында 9 жоба «Жасыл даму» акционерлік қоғамының механизмі арқылы іске асырылады. Сырдария ауданындағы сұрыптау кешені мен қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны құрылысы қараша айында аяқталады деп күтілуде. Жобалар толық жүзеге асқан кезде 500 тұрақты жұмыс орны ашылып, қалдық өңдеу үлесі 30,1 пайыздан 33,6 пайызға ұлғаяды. Одан құрылысқа қажетті брусчатка, кәріз люктері, қағаз, пластик және шыны өнімдері шығарылады.

Қызылорда қаласында «With You E&C Kyzylorda» ЖШС-ның қолданыстағы полигонды жаңғырту жобасы жүзеге аспақ. Ұсақтау және өртеу қондырғылары, 32 арнайы техника, яғни мусоровоз, экскаватор, жүк тиегіш, жүк тасымалдаушы, өрт сөндіру, суару автокөліктері, 3 мың евроконтейнер алынып, медициналық және құрылыс қалдықтары кәдеге жаратылатын болады. Полигонның қабылдау қуаттылығы 60 мың тоннадан 300 мың тоннаға ұлғаяды.

«Seven Rivers Technologies» ЖШС-ның жобасы шыны ыдыстар өндіруді көздеп отыр. Қуаттылығы – жылына 220 млн шыны ыдыс. Шикізатқа жиналған шыны қалдықтар қолданылады.

«Дезинфекция» ЖШС Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтан пластик шелек, леген, цистерна шығармақ. Жобаның қуаттылығы – жылына 1200 тонна. Үш жобаға да жер телімі берілді, бизнес-жоспар әзірленді.

АЙНАЛАНЫ ТАЗА ҰСТАУ ОҢАЙ МА?

Сырт көз бәріміздің ортақ үйіміз – Қызылорданы таза қала екен деп мақтаса, көңіліміз өсіп қалады. Алайда, бұл мақсатқа жету үшін ұйымдастырушылық жұмыс, адам күші, техника қуатымен қатар, тұрғындардың жанашырлығы мен жауапкершілігі керек-ақ.

Бүгінде тұрғындар тазалық мекемесімен келісім-шартқа отырып, белгіленген күні тұрмыс қалдықтарын қапшыққа салып, көше жиегіне қояды да, сол мезетте арнайы техника оны жинап әкетеді. Егер белгіленген уақыттан басқа кезде қалдық шығарса, оларға ескерту жасалып, сосын айыппұл салынады.

Бұл тәртіпке барлығы бағынып, түгел дағдыланды деп айта алмаймыз. Қоқысты көше бойына қою әлі де бар. Мұның негізгі себептерінің бірі – кейбіреулер келісім-шартқа отырмайды. Келісім-шарты бардың өзі қоқысты ауласынан сыртқа шығарып тастауға бейім.

Қала іші көпқабатты тұрғын үйлер және жеке сектор аймағы болып бөлінеді. «Қызылорда тазалығы» мекемесінен алынған мәліметтерге зер салсақ, қалада 298 қоқыс алаңы, көпқабатты үйлер арасында 1448 контейнер бар. Жеке секторға, яғни 593 көшедегі тұрғын үйлерге кесте бойынша қызмет көрсетіледі. Қоқыс шығару тарифіне келсек, көпқабатты үй тұрғындары үшін адам басына 388,01 теңге, жер үйдегі әрбір тұрғынға 454,80 теңге.

Облыс бойынша экология департаментінің мәліметіне қарағанда, «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ ғарыштық мониторинг кезінде Қызылорда облысынан 98 рұқсатсыз қалдық орнын анықтаған. Жергілікті атқарушы органдар оның барлығын жойды.

Егер тұрғындар қоқыс шығарудың барлық талабын бұлжытпай орындаса, жоғарыда аталған рұқсатсыз қалдық орындары қайдан пайда болды?

Әлеуметтік желіге қарасаңыз, қолындағы қоқыс толы қалталарды көшеге тастайтындардың, сәлден кейін ол орын кәдімгі қоқыс алаңына айналатынын таспалаған бейнежазба өте көп. Сонымен қатар шашылған, үйілген қоқысты бейнежазбаға түсіріп, тазалық мекемелерін белгілеп желіге жүктейтіндер де баршылық.

– «Қызылорда тазалығы» мекемесі қызметкерлерінің міндетіне тұрғындардың қоқыс қалдықтарын анықтап, айыппұл салу кірмейді. Бейберекет қоқыс алыстан келмейді, сондықтан ластаушыларды байқаған әрбір тұрғын дереу 102-ге хабарласуы тиіс, – дейді мамандар.

Сәуір айынан бері Президент бастамасымен елімізде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы өткізілуде. Өңірде жыл аяғына дейін атқарылатын іс-шаралар жоспары бекітілді. Акция кезінде 12 мың тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылып, оған 500-ден астам техника жұмылдырылды. Өңір климатына жерсінген көшеттер егілді.

Облыс әкімінің бастамасымен былтырдан бері «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Өткен жылы үздік атанған елді мекендерге күнделікті тұрмысқа қажетті 29, биыл 19 арнайы техника табысталды.

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» акциясы – жай науқан емес, халқымыздың көзқарасын, болмысын өзгерте алатын өте маңызды жоба екенін айтты. Экологиялық мәдениет қалыптастыру және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау құндылықтарын қоғамда орнықтыру үшін алдымен тәртіпке бағыну керек сияқты.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

1-бет

«ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫНА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗУДА»

Шиелі ауданындағы Ерназаровтар әулеті отбасылық кәсіпті дөңгелентіп отыр. Осыдан 5 жыл бұрын мемлекеттік бағдарлама аясында жеңілдетілген несиеге жүк көлігін алады. Алғашқы жоспары жүк тасымалымен айналысу болған олар болашақ кәсіп көзі өндірісте екенін түсінеді.

Әулет мүшесі Абзал Ерназаров 2020 жылы «Orda Best Stroy» ЖШС-сын құрып, құрылыс материалдарын өндіру үшін индустриялды аймақтан жер телімін алады.

– Кәсібімізді жаңа бағытта бастамас бұрын нарықты толықтай зерттедік. Ауданда бар негізгі шикізат көзіне байланысты жобаны іске қосуды жоспарладық. Шиелідегі құм мен цементтің сынамалары жоғары сапалы кафель желімін өндіруге мүмкіндік беретінін басшылыққа алып, кәсіпті осы бағытта дамытқымыз келді, – дейді кәсіпкер Абзал Ерназаров.

2021 жылы «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы арқылы кезекті рет жеңілдетілген несие алады. Бұл жолы құрғақ қоспа өндіру цехының құрылысын салуды көздейді. Алынған 10 млн теңге жеңілдетілген несиеге цехтың құрылысын салып, өндірісті іске қосады.

– РИЦ мекемесінен («Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы халық арасында осылай аталып кеткен) алғаш жүк көлігі үшін несиені 10,5 пайызбен алған едік. Бұл жолы цех құрылысына 6 пайыз үстемемен берді. Өзге қаржы ұйымдарына қарағанда несие алу процесі жеңілдеу. Өздеріңіз де жақсы білесіздер, ауылдық елді мекендерде кепіл мүлікке қатысты мәселе бар. Қаржы ұйымдары ала бермейді. Ал Өңірлік орталық бұл жағынан келгенде үлкен қолдау көрсетіп отыр, – дейді кәсіпкер.

Абзал Ерназаров ашқан құрғақ қоспа өндіру цехы бастапқы кезде тәулігіне 150-200 қап шығарған болса, бүгінде 700 қапқа дейін дайын өнім өндіруде.

– Нарыққа біз ұсынып жатқан өнім сапасы жағынан танымал кафель желімдерінен кем түспейді. Арнайы зертханаларға жіберіп қорытындылары алынды. Соңғы жылдары облыс көлемінде құрылыс нысандарының көптеп бой көтеруі біздің өнімдерімізге жоғары сұраныс туғызып отыр. Қазір Шиелі ауданы мен Қызылорда қаласындағы құрылыс дүкендерінде сатылымға шығарылуда, – дейді Абзал Ерназаров.

8 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған кәсіпкердің алдағы жоспары да ауқымды. Құрылыс материалдарына байланысты өнім түрлерін көбейтіп, газоблок, темірбетон өнімдерін шығарғысы келеді.

– Облысымызда кәсіппен айналысуға жақсы жағдай жасалған. Әр отбасының өз кәсібі болуы керек деп ойлаймын. Кәсіппен айналысу, оның жаңа түрлерін ашу мен үшін еркіндік, сондай-ақ өзіңе үлкен міндеттеме – жауапкершілік алу дегенді білдіреді. Тәуелсіз қаржы көзін қалыптастырасың, жаңа жұмыс орындарын құрасың. Өзіңе ғана емес, қоғамға пайданды тигізесің, – дейді кәсіпкер.

«Қызылорда» Өңірлік инвестиция орталығының баспасөз қызметінің хабарлауынша, мемлекеттік бағдарлама аясында жеңілдетілген несие алуға қатысты сұрақтар туындаған жағдайда осы орталықпен байланысуға болады.

«СБ» ақпарат

№153-154 (20827-20828) 5 қазан, сенбі 2024 жыл

МЕРЕЙ

ТАЛАЙ ШӘКІРТ ШЫҢДАҒАН

«Сізді редактор шақырып жатыр»

Әлі есімде, 2017 жылдың 25 мамыры болатын. Кенет телефоным шырылдап, өзін облыстық «Сыр бойы» газетінің қызметкерімін деп таныстырған Жаңылған Алдамұратова «Сізді бас редактор Жұматәлі Әбдіраман іздеп жатыр» деген хабар берді. Содан алып-ұшып облыстық газеттің редакциясына келдім.

«Сыр бойының» тарихы да, аты да, заты да бөлек. Тамыры тереңде жатыр. Келсем есігі ашық, мені көрген бойда «Ә, келдің бе, ішке кірші» деді Жұматәлі ағамыз. Бұрын сырттай білгенім болмаса, жақын танымаймын да. Ішімнен «не үшін шақырды?» деп қоямын. Оның үстіне амандасқаннан жылдам сөйлейтіндей көрінді. Дауысы да жай шығатын сияқты. Бұған дейін зер сала қарамаған екенмін, бұл кісінің шашы да, қасы да, жүзі де аппақ.

– Әзиз, сөзді созып қайтеміз, маған тілші керек, – деді отырар-отырмастан. – Жігіттерден тәртібің жақсы деп естіп жатырмын, жазуың да жаман емес. «Ақмешіт апталығына» шыққан бірнеше мақаланды көрдім, – деді мені сырттай зерттегенін білдіріп.

– Аға, мен қарсы емеспін. Бірақ қалалық газеттегі бастығым берген тапсырмаларды аяқтайын, – дедім. Ол тұста «Ақмешіт апталығын» Әділжан Үмбет басқаратын.

– Әділжанға өзім айтамын. Қазір бірден орныңа отырғызайын, – деді Жұмекең. Келіспеске лаж жоқ, мұндай мүмкіндік күнде тумайды. Әйтеуір не керек, бас редактордың кабинетінен облыстық газеттің білдей тілшісі болып шықтым.

Менің Жұматәлі Әбдіраманмен таныстығым да, әріптестік байланысым да, аға-інілік қарым-қатынасым да осы кезден басталды.

Қаламгерлік жол

Мақалаға арқау болған Жұматәлі ағамыз Арал ауданының «Бөген» ауылында 1954 жылы өмірге келген. Ол кісі сырттай көрген адамға аса бір ерекшелігімен даралана қоймас. Бірақ редакциядағы жұмысты үйлестіруге келгенде алдына жан салмайтын. Редакцияның іші қайнап жатқан жұмыс қой. Өз алдына бөлек әлем. Тіршілігі де мүлдем басқа. Жауапты хатшымен бірге өтетін шараларды саралап, журналистерді жіберу, нөмірді жоспарлау, тілшіге тапсырма беру, дизайнер беттеген газетті мұқият қарау, корректорлар оқыса да көз майын тауысып қайта оқу ол кісіге күнделікті тірліктің бір бөлшегіндей еді. Сол тұста Қаныбек Әбдуов бас редактордың орынбасары да, Дәуіржан Елубаев жауапты хатшы болатын.

Әрине, адам баласы бірден кәсіби маман болып кетпейді ғой. Бүтін бір редакцияның жұмысын үйлестіру үшін тәжірибе де, білім де қажет. Оның үстіне қалам ұстаған қауымды басқару қиынның қиыны. Мұны шығармашылық өкілдері жақсы түсінеді.

Осы ретте Жұматәлі ағамыздың өмір жолына, шығармашылық ізденісіне, талайға үлгі боларлық еңбек ғұмырнамасына тоқталайық. Жұмекеңнің қаламгерлік жолға түсуіне әкесі Әбдіраман мен анасы Ұлмекеннің әсері болыпты. Оқушы ұлының жазуына риза болған олар газет-журналдарға жариялауға кеңес берген. Осылайша бала Жұматәлінің қиялына қанат бітіріп, шабыттандырған. Мектеп қабырғасында жүрген кезде-ақ Арал аудандық «Толқын» газеті мен республикалық «Балдырған», «Қазақстан пионері» сынды басылымдарға мақалаларын жиі жолдаған.

Туған ауылындағы мектепті аяқтаған соң Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанды. Әскерден кейін ҚазМУ-де оқып, журналист мамандығын иеленді. Журналистиканың түрлі саласында қызмет етіп, зейнет жасына жеткенше қатардағы тілшімен бірдей еңбекке берілді. Алдымен Сырдария аудандық «Сырдария» газетінде, кейін облыстық телеарнада, аудандық «Толқын» және облыстық «Сыр бойы» басылымында еңбек етті. Ол кісі қарапайым тілшіден бастап бас редакторлық қызметке дейінгі аралықты абыроймен жүріп өтті.

Жұматәлі ағай тәжірибелі басшы. Облыстық газетке келгеніме бір аптаның шамасы болған. Сол күнгі нөмірге кезекші болатынмын. Кешкісін облыс әкімдігінде жиын өтеді деген хабар келді. Ол кешкі алтыға жоспарланған. Оған міндетті түрде тілші қатысады. Мұндайда жиналыс қашан бітсе де күтіп, қатысқан журналистің мақаласын газетке салу керек. Мейлі ол мақала жазылып бітемін дегенше түн ортасынан ауып кетсе де күтеміз. Сол сәтте «нөмірге қатысы барларды редактор шақырып жатыр» деген хабар келді. Бардық, бас редактордың орынбасары мен жауапты хатшыдан бөлек дизайнерлер мен корректорлар бар екен. Жұмекең: «Әкімдікте кешке жиналыс өтеді. Ол кемінде екі сағатқа созылады. Қатысқан журналист жазып бітемін дегенше 40-50 минут қажет. Шамамен үш, үш жарым сағаттай уақыттарың бар. Үйлеріңе барып кешкі асты ішіп келерсіндер» деді. Жұмекеңнің жұмысқа ынталандыруы осындай әрекеттерімен де ерекшелендіріп отыратын.

Диктовка

Жұматәлі Әбдіраман зейнеткерлікке шыққан соң еңбек шарты бойынша бір жыл жұмыс істеді. Ол кезде «Сыр бойының» тізгінін Қуат Шарабидинов ұстады. Бұл 2018 жылдың ақпан айы. Осы тұста басылымның жауапты хатшысы Дәуіржан Елубаев «Қызылорда-Ньюс» ақпараттық агенттігіне ауысты да, бас редактордың ұсынысымен маған жауапты хатшылық бұйырды. Ал бас редактордың орынбасары болып Мұрат Жетпісбаев тағайындалды.

Сонымен не керек, өзімізше жаңа қызмет, жаңа серпін, жаңа екпін деп жұмыс істеп жатырмыз. Бұрынғы кабинетімде Ыдырыс Тәжіұлы мен Дүйсенбек Аяшұлы отырады. Білмеген жерімді сол кісілерден күнде сұраймын. Ағаларым да маған кеңес айтудан, ақыл беруден шаршаған емес. Жауапты хатшы болып жүріп те қай журналистке қалай сөйлеу керек, кім қай салаға бейімделген, міне, осы жағын да Ыдекең мен Дүйсекеңдей ағалар айтып отыратын.

Бірде Жұматәлі Әбдіраман жиналыстан келді. Шамасы, облыс басшысы қатысқан шара. Қолында сіріңке қорабынан сәл-ақ үлкен қағаз бар. Оған адамның аты мен телефон нөмірін ғана жазасың. Басқа артық деректі сыйғызу қиын. Бірақ сол қағазға Жұмекең әжептеуір мәлімет сыйдырған. Келген беттен «Бос кім бар? Мен диктовка жасаймын» деді. Содан терімші Жаңылған Алдамұратова компьютерге отырды. Жұмекең диктовканы бастады. Ол кісі диктовка жасағанда бір орында отырмайды екен. Әрі-бері жүре береді. Әлгі алақандай қағазға жазылған дүниеден бақандай үш беттік мақала шығарды. Не диктофонға баспаған, не камераға түсірмеген. Бар болғаны кішкентай қағаз. Сөйтсем, Жұмекең диктовканың, аз деректі көлемді мақала етудің де шебері екен.

Редакцияда бұрынғылардан Жұматәлі Әбдіраманнан өзге Жолдасбек Ақсақалов диктовка жасайтын. Қазір бұл екі кісі де зейнет жасына жетіп, құрметті еңбек демалысына шыққан. 2020 жылдың қыркүйегінде мен Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетіне бас редактор болып ауыстым. Сол кезде кабинетіме арнайы келіп құттықтаған Жұматәлі ағамыз: «Қызылордадағы редакцияларда менің тәрбиемді көргендер басшылық қызметте жүр. Жалағашта саған дейін Нағымжан Сауияев редактор болды, қазір Кенжетай Қайрақбаев басқарып отыр. Аралда, «Толқын» газетінде біздің тілшіміз Мәди Құрманәлиев бас редактордың орынбасарлығына барды. Редакторлық қызметті берсе де қиналмай алып кетеді. Міне, қалалық газетке өзің келіп жатырсың. Қазіргі бас директордың орынбасары Дәурен Омаров та «Қазалы» газетіне редактор болып 3 жыл абыроймен еңбек етіп келді. Бәрі де ата басылым «Сыр бойы» мектебінен өткен жігіттер ғой» деді мақтаныш сезіммен. Шынында, есімі аталған жігіттер сол жылдары Жұмекеңнің жұмыс тәжірибесінен үлгі алған.

Ағамыз зейнетке шыққан соң да қол қусырып қарап отырмады. Қазақстан Журналистер одағының және Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі ретінде бірнеше деректі кітаптың авторы. Оның қаламынан «Жүз жасаған мектеп», «Ғасыр ғибраты», «Бөген тарихы» атты туындылар туды. Бұдан бөлек, «Көк теңіздің күмбірі» атты кезекті еңбегін баспаға ұсынып қойыпты.

Өмір жолына қарап отырсақ, ағамыз 40 жылдай БАҚ саласында еңбек етіпті. Қазақта «ізденген жетер мұратқа» деген сөз бар. Қаламгер қаршадайынан осы тәмсілді өмірлік қағида етті. Ізденді, оқыды, білгенін біз секілділерге үйретті. Әлі күнге дейін жазуды тоқтатқан емес. Ол кісі осы 40 жылда жүздеген, тіпті мыңдаған мақала жазды десек, артық айтқандық емес. Еңбегі де еш кетпеді. «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, «Қазақ журналистикасының қайраткері» атағымен марапатталып, абыройдың асқарында, беделдің биігінде келеді.

Бір таңғаларлығы, ол кісі ешқашан асыққан емес. Иә, аспайды да, саспайды да, асықпайды да, сол баяғы сабырлы қалпымен жүріп-ақ кейбіреулердің жан-жағын жайпап жібере жаздап атқаратын ісін тындыра береді. Мен білетін Жұмекең ағамыз, міне – осындай! Өйткені ол – біздің саланың сардары!

Жұбайы, ардагер-ұстаз Қарлығаш екеуі ұл мен қыз өсіріп тәрбиеледі, бүгінде немерелерінің сүйікті ата-әжесі болып отыр.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

ЖАНҚОЖА БАТЫРДЫҢ ТУҒАНЫНА 250 ЖЫЛ

ЖАНҚОЖА БАТЫР

(Дастан)

Фото: Ашық дерекқоздан.

Күш атасын танымас

Уақыт жылжып аққан бейне бұлақ,
Балалық қолда тұрмас алтын сынап.
Өтіпті 10 жыл мерзім белгісіз боп,
Жанқожа тапсырғалы үлкен сынақ.
Ержетті жігіт болып аса күшті,
Құрыштай мығым дене, жүзі сұсты.
Жарқырап екі көзі шамдай жанып,
Талайлар айбатынан ығып пысты.
Қолына алып садақ, атып жамбы,
Тамсантты мергендікпен
дүйім жанды.
Тоқтатып ту биені құйрығынан,
Көргендер айран-асыр естен танды.
Бір күні жылқы аралап келді қоса,
Сыр шертіп қайтайын деп
құрбы досқа.
Есітіп Бәйгекөктің жоғалғанын,
Қайтадан атқа қонды жатпай босқа.
Ұзақ күн жүрді бала аттан түспей,
Малтаны қорек қылып ыстық ішпей.
Кеткендей жерге сіңіп, ұшып көкке,
Кездеспей ешбір пенде
көрген түстей.
Жолықты келер күні қалың елге,
Отырған көл жағалай үлкен белде.
Ақ боз үй орналасқан қақ ортаға,
Дегендей үй иесі елден өзге.
Иба қып сәлемдесіп келді кіріп,
Жол сілтеп жіберер деп қылып үміт.
Сол кезде кісінеген Бәйгекөктің,
Есітіп таныс дауысын кірді күдік.
Жантайып жатыр төрде үй иесі,
Бейнебір үйген мая, жоқ жүйесі.
Сыриған аяқ-қолды алып екен.
Көтермес нардан басқа жоқ түйесі.
Дөңкиіп жата берді сәлем алмай,
Зекіді: «Кете бергін жолдан қалмай.
Арғымақ қол емес қой, саған бала,
Тай деді, тұрғанымда күшке салмай.
Атанған түйе балуан Қарабекпін,
Талайдың қабырғасын жіпше сөктім.
Алам деп дәмеленбе Бәйгекөкті,
Өзім би, өзім батыр, өзім бекпін».
Жанқожа айтты жайлап «Үлкен кісі,
Жөн емес жасырғаның болған істі.
Қазақ пен қарақалпақ туыс халық,
Көрсетпей ақылға кел, азу тісті».
Көтеріп зор даусымен үйдің ішін,
Қарабек басты ашуға бұзып түсін:
«Тұрмысың мықтысынып,
қара қазақ,
Жық деді аяғымды, келсе күшін».
Қаһарға мінді бала шыдай алмай,
«Тарт деді аяғыңды шірік талдай,
Беліңді бекем буып, шық ортаға,
Күресті көрсетейін керек қандай».
Шапылдап ұстасты да екі балуан,
Көрсетті кереметті небір алуан.
Қарабек барын салып тырысып жүр,
«Алыпқа кездестім деп
Аллам қайдан».
Шын қысса сексеуілден
шығарған су,
Жүйріктей топтан озған көрсе ду-ду.
Жанқожа белден сығып шарт еткізіп,
Сындырды қабырғасын
томардай қу.
Қарабек жанұшырып салды айқай:
«Опырдың бұғанамды, жібер ойбай,
Қоса ал Бәйгекөкке айыбымды,
Тынбассың қәрге мінсең
көзім жоймай».
Киреңдеп белге соққан
сұр жыландай,
Құлады естен танып, тыныс алмай.
Ауызына су тамызып Қарабектің,
Нөкерлер жүгіріп жүр жаны қалмай,
Қақ жарып елеместен қалың көпті,
Жанына Бәйгекөктің бала жетті.
Алды да жетегіне қарайламай,
Бетке алып туған елін жүріп кетті.

Жекпе-жек

Арада өтті жылжып екі көктем,
Маужырап кең даламда шуақ төккен.
Тебіндеп қара мұрты Жанқожаның,
Бұл кезде он жетіге жасы жеткен.
Толықсып бойға симай бұла күші,
Қаһарлы қалың қабақ, суық түсі.
Астында жан серігі – Бәйгекөгі,
Жібермес желдей есіп ұшқан құсты.
Тарады тосын хабар бір күн елге,
Бейнебір жай түскендей көктен
жерге.
Жақайым Жылқайдардай асыл биді,
Салды деп Тықы батыр улап көрге.
Ашынды барша қазақ буып кегі,
Жиылды қалың әскер суыт легі.
Сары дала буырқанды, бейне теңіз,
Толқындай дауыл күнгі болмай шегі.
Өтеген- Нұрымбет пен Дабыл батыр,
Қол бастап Хиуаға тікті шатыр.
Жіберді хабаршыны келер күні:
«Келдік, – деп, соғысамыз
қалма қапыл».
Қызарып күн сәулесі шыққан мезет,
Бетпе-бет келді ерлер қатар түзеп,
Әдеті батырлардың ұрыс ашар,
Әуелі жекпе-жекке беріп кезек.
Астында ақбоз аты, Тықы батыр,
Ежелден аты мәлім зұлым-кәпір.
Жарқылдап қайқы қылыш
көкке білеп,
Ойқастап шықты ортаға
бура балтыр.
Ұмтылды қайсар батыр алып бәте.
Әлімде бұл да туған асқақ жеке.
Найзамен өндіршектен ұрған мезет,
Сүріпіп құлады аты болып кәте.
Тым-тырыс Шекті қолы қалды үнсіз,
«Болды деп осы сапар, ауыр,
қырсыз».
Сол мезет «Бақтыбайлап»
атой салып,
Жанқожа шықты алға бейне жұлдыз.
Өкіріп Тықы батыр қарсы шапты.
Қолында қайқы қылыш екпін қатты.
Арайлы жаңа шыққан күн астында,
Көрінді үйдей болып ақ боз атты,
Сығымдап айбалтаны күміс сапты.
Сыйынып Киікбайға сынап бақты.
Жанқожа балтаменен шапқан мезет,
Дұшпаны бассыз қалып
жерде жатты.
Үстем боп жас батырдың
аруағы,
Шектілер ұрандасып
жадырады.
Көргенде Тықы батыр
мерт болғанын,
Қалың жау сең соққандай
сабылады.
Қарсылық жасай алмай
өңшең ерге,
Тірілей қолға түсті болып пенде.
Сауғалап шыбын жанын,
қасық қанын,
Жалынып дұшпан қашты
аулақ жерге.
Жақайым Жылқайдардай әділ бидің,
Кетпеді асыл қаны құнсыз текке.
Атанды Жанқожа жас –
көзсіз батыр,
Ерлігі елге тарап, аңыз-нақыл.
Сүйсінді қазағымның кең даласы,
Шықты деп ел қорғаны,
қайтпас батыл.

II-бөлім. Серт семсері

Өтті күн, сырғып айлар,
небір жылдар,
Жасырып қойнауына алуан сырлар.
Жанқожа асқан батыр өзі дана,
Келіпті орта жасқа асқақ, шынар.
Батырдың қонған жері Ырғыз маңы,
Көгалды, көк майсалы, алуан сәнді.
Жайдары жаз күнінде жеткен хабар,
Сілкінті қалың елді бұзып қанды.
«Ақмырза мерт болыпты қапылыста,
Жүргенде саят құрып аң мен құсқа.
Бабажан-жауыз әрі қанішер сарт,
Тас байлап суға атқан дария тұста...»
Түйілді әз Жәкемнің қас-қабағы,
Қарауға тірі пенде жасқанады.
Қолға алып ақ семсерін,
көк найзасын,
Жауыздан кек алуға аттанады.
Әбігер Бабажан сарт асып-сасқан,
Дүрсілдеп соғып жүрек, түсі қашқан.
Жалынып Хиуаның әміріне,
Алдырды ер Аманды күші тасқан.
Атақты Аман батыр, мығым палуан,
Өлтірген қарсыласын небір алуан.
Қуанды жас балаша күлімдеп мәз,
Қайтпаған жекпе-жекте пәті жаудан.
Жанына ертіп алып жетпіс сарбаз,
«Өлтірмей Жанқожаны деді оңбас».
Кезекпен күні-түні күзетеді,
Ақбайға шатыр тігіп елге қонбас.
Таң ата төкті сәуле қызарып күн,
Дегендей Ақмырзаға төлеңдер күн.
Тіп-тіке қозғалмастан жалғыз атты,
Тұр дөңде жаралғандай
аңыздан шын.
Білмек боп жолаушының түрін,
затын,
Күзетші келді жетіп дөңге жақын.
От шашып жарқылдаған жанарынан,
Сескеніп түсті тежеп мінген атын.
«Жанқожа, сіз боларсыз, сірә батыр,
Жүрмеңіз жекпе-жекте қалып қапыл.
Ер Аман хиуалық батыр балуан,
Жолыңды неше күннен
тосып жатыр.
Жүресіз, Батыр аға, маған еріп,
Арыға жібермейміз жолың берік.
Өлтірмек жекпе-жекте сізді Аман,
Сондықтан келген мұнда
күшіне сеніп».
Жанқожа «шықсын» деді
Аман мықты,
Көрейік кімнің басым,
кімнің күшті».
Шыдамай қаһарына хас батырдың,
Күзетші атқа мініп кейін зытты.
Баяндап ер Аманға жайды болған,
Күзетші қалтырады бейне тоңған.
Қуанып Аман батыр атқа қонды,
Өлтірмек Жанқожаны қазір қолдан.
«Абайла, басқа емес Жанқожа бұл,
Шуылдап қатын-балаң
қалмасын тұл.
Артынан күзетшісі айқайлады,-
Өлетін Аман батыр жеріңді біл».
Жетіп кеп Жанқожаға ұрды найза,
Шығармақ қолдан келсе жерді айға.
Дарытпай батыр Жәкем денесіне,
Қадады өз найзасын бойлап жауға.
Аударып ер Аманды шалқалатты,
Найзамен түйреп алып қайың сапты.
Табанға салып тұрып сом денесін,
Жау басын құбылаға ол каратты.
Қанжарын алмақ болып белге ілген,
Қол созды кісесіне зілді түрмен.
Ғайыптан пайда болып жаңа қанжар,
Сап етті созған қолға жауын жеңген.
Орнатты дұшпанына заман ақыр,
Ақбайда жолын тосып тіккен шатыр.
Аманды қорқыратып мауыздады,
«Жаның Құдай жолына»
деген батыр.
Тулады ауға түскен шортан сынды,
Малшынып қызыл қанға
Аман тынды.
Тазалап сүртейін деп қолын созса,
О ғажап, жоғалыпты қанжар қынды.
Тұр екен өз кездігі тіпті таза,
Берілпті дұшпанына Алла жаза.
Ұсынған ол қанжарды пірлері ме,
Тауыпты осылайша Аман қаза.
Атойлап шықты батыр дөң басына,
Шүйілді қыран құстай жау қосына.
Көп жылғы қауға түскен
жасындайын,
Түсірді шатырларын ортасына.
Сауғалап жетпіс сарбаз қашты аулақ,
Келе алмай бірде-бірі жүрек даулап.
Жанқожа Бәйгекөкке қамшы басты,
Жұлдыздай іздерінен қалмай заулап

Жендетке жаза

Ару қызы қазақтың,
Тартқанында азап-мұң.
Жәкем ұран тастады.
Жоюға көзін кәззаптың.
Тапталмасын ар-намыс,
Жалтақтамас жолбарыс.
Кекке суыр қылышты,
Шықсын деді шын арыс.
Хабар берді Ақтанға,
«Жина сарбаз аттанда.
Кездескенде шабамыз,
Жауымыз қамсыз жатқанда».
Сайын дала ширықты,
Күтеміз деп бұйрықты.
Өңшең ерлер құралып,
Сап түзеді кіл мықты.
Жансыздары болған ба,
Жауызға депті «қол қамда».
Бабажан әскер сұратты,
Хиуадан сол таңда.
Пілте мылтық асынған,
Сыпайлар келді жасанған.
Қан жүгіріп өңіне,
Бабажан шықты тасадан.
Қамал іші берік тым,
Қабырғасы биік шың.
Қалың жасақ мылтықты,
Табылмайды сірә мін.
Қазақтың қолы жиылған,
Ашу кернеп құйылған.
Ерте жеткен Ақтанға,
Оқ борады қиырдан.
«Алға» деді Ақтаным,
Ойламады бас қамын.
Қойдай қырды қылышпен,
Күзетшісін қақпаның.
Сарттар кезеп мылтықты,
Мергенмін деп мен тіпті.
Арқаланған батырды,
Өлтіруге ынтықты.
Жарқырап күннің қабағы,
Сәулесі жерге тарады.
Пілте мылтық қолдағы.
Тұтанып жанып барады.
Ақтанның шыққан даусымен,
Қара бұлт көкті торлады.
Нөсерлеп құйды селдетіп,
Пілтелер сөнді су кетіп.
Аруағынан Ақтанның,
Сыпайлар қашты боркемік.
Сауға сұрап көп жасақ,
Қолға түсті зар жылап.
«Сөзге еріп алдамшы,
Аттадық дейді біз жаңсақ».
Бабажан сарт арамза,
Шыққанда қашып далаға.
Қазақтың мерген жігіті,
Құлатты атын аранға.
Қазақты төмен санаған,
Жақсыны итше талаған.
Кеңпейіл, дархан халықтың,
Асылын ұрлап, тонаған.
Асына тойып құныпып,
Қариясын зекіп сабаған.
Әлпештеп баққан сұлуын,
«Олжа» деп құнсыз қараған.
Адалын құшып арамдап,
Бурадай ессіз жараған.
Атаңа нәлет Бабажан,
Құтылмас енді жазадан.
Жетелеп тұтқындарды қамшылайды,
Арқадан қызыл қаны тамшылайды.
Әкелді Бабажанды Жанқожаға,
Қорласа намысыңды кім шыдайды?
«Батырым өзің шығар кесіміңді,
Құптаймын деді Ақтан шешіміңді.
Жауыздық түбірімен қопарылып,
Далама азаттықтың лебі енді».
Малғұнға қарап кесірлі,
Ызғармен Жәкең тесілді.
«Құдайдан соңғы халқыма,
Айтқызам деді шешімді».
Ортаға шығып кейуана,
«Дат» деді батыр мұндана.
Қызымды жалғыз сорлатып,
Қорлады арын бұл шата.
Қолыма берші жауызды,
Кептірген мөлдір хауызды.
Жазасын тартса азғындық,
Болады үкім сол ізгі.
Білегін түріп шалы да,
Жидені алды қолына.
Өкірді жылап Бабажан,
«Туыппын деп сорыма».
Құйрыққа қақты жидені,
Шыңғырды озбыр шүйделі.
Қиылып ішек-тамыры,
Асқазан, бауыр күйреді.
Арамның қаны төгілді,
Қақырап жүрек сөгілді.
Қиналып өліп азаппен,
Тозақта тәні езілді.
Шаттанып халық тарады,
Өртенді дұшпан қамалы.
Жанқожа, Ақтан батырлар,
Тірісің бізге мәңгі әлі.

Қайтқан кек

Арада өтті мезгіл және жылдам,
Мәуелі тамыз айы әсем тұнған.
Созаққа сапар шекті қалың әскер,
Қумаққа Қоқан қолын сонда тұрған.
Шақырып хан кеңесін Кенесары,
Келелі жоспар құрды келген бәрі.
Үш жүзге бөліп беріп шабуылды,
Алмақшы тоғыз күнде кетсе әрі.
Кезегі кіші жүздің болды соңғы,
Қаптады қалың сарбаз құба жонды.
Жанқожа ертіп алып бес жүз қолын,
Айтпастан бір төбеге бөлек қонды.
Ойлады «қоқандарға келер көмек,
Тосайын дұшпан қолын
жолдан бөгеп.
Тынықсын таң атқанша
қалған әскер,
Жіберді шолғыншылар
біл деп дерек».
Қараңғы түн ортасы ауған мезгіл,
Жанқожа, Дәрменқұлға деген көз іл.
Үйқыға батыр мен пір кеткен шақта,
Жан-жақтан өңшең ишан
жиылды кіл.
Киінген аппақ шапан, ақ сәлделі,
Қолында асатаяқ тым кәделі.
«Дәрменқұл оят деді хас батырды,
Бетке алды қалың дұшпан
бұл төбені»
Орнынан тұрды батыр ұшып сергек
«Мінеки, естідім деп ұғып жөндеп».
Ишандар дауыстады «ұмтыл батыр,
Тосамыз жаудың алдын
тездетші тек».
Көрініп Жанқожаға өңшең ишан.
Жоқ болып кетті қайта атқанда таң.
Сол мезет келді шауып
шолғыншылар,
Қалды деп мыңдай әскер
жақындап маң.
Қозғалды ер Жәкемнің суыт қолы,
Түйілген тап-түйнақтай кекке толы.
Ұзамай кездеседі қоқандармен,
Баскарған Тоған батыр өжет, долы.
Шақырып Жанқожаны жекпе-жекке,
Шапқылап Тоған шықты
алғы шепке.
Келгенде найза салым бір-біріне,
Жай ойнап, дауыл соқты ұрып бетке.
Қап-қара, қалың тұман жерді басты,
Шуылдап жау әскері асып-састы.
Аударып ер Тоғанды ат үстінен,
Аруағы Жанқожаның одан асты.
Тоғанның алған кезде қолын байлап,
Ашылды күннің көзі ептеп жайлап.
Алдына салып алып жүре берді,
Әз Жәкем қоқандықты малша айдап.
Тапсырды Кенеханға тұтқын бәрін,
Алады Созақты да Шекті-Әлім.
Күндерде жорықтан соң
жайма-шуақ,
Тоғанға Кенесары төкті кәрін.
«Алыпсың сен де туған асқақ дара,
Жауап бер сұрағыма, бермен қара.
Қалайша Жанқожаға пенде болдың,
Емессің Тоған батыр тегін бала.»
Тіл қатты Кенеханға Тоғандай ер
«Келіп ем Жанқожаға найзалық жер.
Сұрапыл дауыл соғып, тұман басты,
Тұрғандай болды маған қазулы көр.
Қалыппын ат үстінде естен танып,
Қоршады ақ киімді өңшең халық.
Есімді жиған шақта күн ашылған,
Жанқожа келе жатыр байлап алып».
Селк етті Кенесары сөзге мына,
Болмады батыр Жәкем тегін сірә.
«Жөн болар Жанқожамен
жауласпаған»,
Деп шешті қарсыласу тіпті күнә.
Қайтарда батыр Жәкем
Сауранды алды,
Боялып жау қанына қақпа қалды.
Қырып сап қоқандарды онда тұрған,
Таратып елге берді олжа малды.
Табынған исі түркі Әзірет Сұлтан,
Жанқожа арнап барып зират қылған.
Жолшыбай жасы жеткен
сексен бірге,
Үйіне Құрман бидің келіп қонған.
Селкілдеп ақ сақалын жасы жуып,
Тама би әз Жәкеме келді жуық.
«Мен емес, барша қазақ қорғанысың,
Жауымнан алшы деді кегім қуып.
Бар еді маңдайымда жалғыз ұлым,
Төгетін халық десе пейіл нұрын.
Жазықсыз басын шапты қоқан бегі,
Өлтірсең, егер оны болам құлың».
Сүйеді батыр Жәкем демеп оны,
Кетер ме сірә еріп көңіл тоңы.
«Қамықпа, асыл аға, сәл шыдағын,
Жауыздың ертеңгі күн болар соңы».
Таң ата ертелетіп шығып батыр,
Ат қойды дұшпанына ала-сатыр.
Тұншығып өз қанына мауыздалып,
Қоқанның жауыз бегі жерде жатыр.
Осылай алынғанды Сауран, Созақ,
Қазаққа болған тікен, тірі тозақ.
Желбіреп ақ сақалы дөң басында.
Тама би қолын бұлғап тұрды ұзақ.

Арықбалық шайқасы

Азынап қарлы дауыл, қаңтар күні,
Өксиді жоқтау айтқан жандай
мұңды.
Қазақты қорға санап пешке жаққан,
Сұмдықты кім естіген
бұрын-соңды?.
Ананың селдей ағып қанды жасы,
Зарланды көрген сәтте күйген басты.
Құлыны жар дегенде жалғыз ұлын,
Өртеген құдай атқыр қай албасты?
«Мекенің тамұқ болып
жаның шыққыр,
Шуылдап қатын – балаң селде
ыққыр.
Тәңірім, мұнан басқа тілегім жоқ,
Жауыздың өз қолымнан
қанын төктір».
Тапсырып жер қойнына
жалғыз ұлын,
Сапарға шықты әке бүгін сырын.
Үйіне әз Жәкемнің келіп жетті,
Көрмеген хас батырдың
түрін бұрын.
Булығып, көз жасына берді ерік,
Шағынып, өксіп жылап
мұңын шертіп.
«Мен емес, қалың қазақ қорғанысың,
Кегімді әпер деді ізіңе ертіп».
Ширығып батыр бабам атой салды,
Жалындап, от оранып қамал қалды.
Қарашы Хақ Тәңірдің әділ ісін,
Озбырды әке айтқан ұстап алды.
Жалынды сауға сұрап жауыз малғұн,
Боздақты пешке жаққан
өрім шалғын.
Тас мүсін қайсар әке жібімеді,
Бауыздап, ұрттап ішті арам қанын.
Теп – тегіс Ащыкөлде мидай жазық,
Мал бағып, астық еккен
тұрғын халық.
Тарады суық хабар желдей есіп,
«Шыққаны жазалаушы әскер анық».
Үйғарды «күтеміз деп туған жерде,
Өлеміз , жібермейміз бейбіт елге».
Келісіп осылайша қалың сарбаз,
Қарады асып туған асыл ерге.
Күн көзі алаулаған қанның түсі,
Сезгендей тараларын ажал исі.
Келген-ді Ащыкөлге
алты жүз солдат
Арнайы жіберілген патша күші.
Қиқулап қарсы шапты Шекті қолы,
Бейнебір тасығандай өзен долы.
Жендеттер жазалаушы жанталасып,
Боратты жауған қардай атып оқты.
Жер жарды батырлардың атойлары,
Кісінеп иесі өлген ат ойнады.
Жасағы әз Жәкемнің
өңшең қыран,
Жайғамай хас дұшпанды
тек қоймады.
Жөңкіліп патша қолы кейін қашты,
Үстем боп Жанқожаның
пысы басты.
Сүйретіп қару-жарақ, зеңбірегін,
Нұрадан жендет біткен қалаға асты.
Арулап қойды халық шейіттерді,
Көтеріп сексеуілден бейіттерді,
Қорғауға туған жерді анттасады,
Қалса да жалғыз адам мейлі тегі.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.
Қазалы ауданы.

(Соңы. Басы №149-150 санда)

ТАҒЗЫМ

ЕНДІ ҚАШАН КЕЛЕСІҢ, БҰЛ ӨМІРГЕ...

Өмірде өз кәсібін жүрекпен сүйетін және оның қыр-сырын шын шеберлікпен меңгерген ерекше мамандық иелері көп емес. Көп болса айналамызда жүрер еді, ал, мен оларды жолықтырған жоқпын, менің білетінім – фототілші Болат Омарәлиев. Сол асыл жанның сүрөң дүниенің сықырлаған есігін тарс жауып кеткеніне де қырық күннің жүзі болыпты.

Бұл кісі кім еді, алдымен осыны айтып алайық. Ол облыстық «Сыр бойы» газетінің фототілшісі болған. Жарты ғасыр атқарған жұмысы сол, қызмет, атақ сұрамаған адам.

1948 жылы 15 қарашада Сырдария ауданының қазіргі «Қоғалыкөл» ауылында туған.

Еңбек жолын 1966 жылы Алматы қаласынан арнайы курс бітіріп келіп, фотограф болып жұмыс істеуден бастаған. 1967 жылы Сырдария ауандық «Сырдария» газетінде, 1969 жылдан облыстық «Ленин жолы» газетінде еңбек еткен. Содан 45 жыл үзіліссіз фототілші болып, 2014 жылы зейнетке шықты. Елімізге танымал фототілші атанды.

1979 жылы «Социалистік Қазақстан» газеті жариялаған фотоконкурстың бірінші бәйгесін жеңіп алған. Одан кейін де республикалық басылымдар жариялаған бәйгелердің жеңімпазы болған.

КСРО-ның «Советское фото» деп аталатын журналы 1982 жылы Болат Омарәлиевтің фотоларын жариялаған. 1984 жылы 3 қыркүйекте Кеңестер Одағы бас басылымдарының бірі «Известия» газетінің арнаулы тілшісі Эдуард Полянский «Ночь коротка, спят облака» деген көлемді мақаласын қызылордалық фототілшінің суреттерімен безендіріп жариялапты. Аспаннан ақ қанатын жайып періште түссе таңғалмайтын одақтық тілшіні Омарәлиев фотосындағы образдар қызықтырмай қоймаған сияқты.

1989 жылы сол кездегі «Ленин жолы» газетінің фототілшісі Мәскеуде өткен Бүкілодақтық фотосуретшілер съезіне қатысты. Сол жылы Қазақстан фотожурналистикасын дамытуға көп жыл сіңірген еңбегі үшін «Фотоөнер қайраткері» медалімен марапатталады.

Оның шығармалары «Қазақ фотошежірешілері» альбомына, республикада шыққан көптеген тарихи кітаптарға енген. Сол сияқты Алматы, Мәскеу қалаларында бірнеше рет, Польша мен Украинада фотокөрмелері ұйымдастырылған. 2017 жылы Астанада өткен ЕХРО көрмесі барысында фотосуреттері Ұлттық мұражайға қойылды.

2019 жылы көктемде «Ауыл» партиясы өткізген «Ауыл нақыштары» атты конкурста Омарәлиев шығармалары бірінші орынға ие болды.

Осы мақалада менің «шығарма» сөзін қолданып отырғанымды байқаған боларсыздар.

Өйткені, фотоға бейнелеу – өнер, қашаннан солай. Он тоғызыншы ғасырға дейін қылқаламмен салынған суреттерді бағалап келген эстетиктер одан беріде фотосуреттерді қымбатқа сатып алатын болған. Ал өнерді жасайтын – шығармашыл адамдар.

Болат ағаның фотошығармашылығында портрет, пейзаж, интерьер, архитектуралық кескіндер, бәрі бар. Әсіресе, бұл кісі адам портретін жасау шебері.

Ол кісінің мұрағатында – Шыңғыс, Мұқтар, Шәмші, Талғат, Нұрғиса, Әмина, Фариза сынды атақты тұлғалар мен өнер классиктерінің портреттері сақталған. Олардың бейнесінде ғасырдан ғасырға хат болып жететін саф алтындай сыр жатыр. Шындығында, осындай суреттерді түсіру үшін Болат ағаның Шыңғыс Айтматовқа, не болмаса Талғат Бигелдиновке «маған қара, былай түзуленіп тұр» демегені анық. Бірақ, осы суреттерден кейіпкер, кеңістік, суретші арасындағы үшжақты үйлесімділікті жазбай тануға болады.

Болат ағаның адамды былай қойып, суретке кәдімгі жансыз ескерткіштерді қалай түсіргенін айтып түсіндірудің өзі қиын. Ол кісі көптеген сәулет өнері туындыларын фотография тіліне көшіре білді.

Бір жылы, Жеңіс мерекесі қарсаңында Болат ағаның бір суреті газетке жарияланды. Ұмытпасам, сурет «Күту» деп аталады. Суретте белгісіз солдат ескерткішінің қапталында мұң торлаған кейуана отыр. Бір қарасаңыз ескерткіш алып, бір қарасаңыз кейуана зәңгір болып көрінеді. Бейбақ бейненің құрғап қалған көз жанарындағы әлсіз сәуле өңменіңді тырнағандай ауыр күйді бастан кешесің. Ауыр ма, ащы ма, бұл күй, оны да білмейсің, арман деген паң осы ма, әлде? Әйтеуір уыстан сусып кеткен уақыттың уы жайылған бір мұң.

Міне, сурет өнері деген – осы. Болат ағаның кез келген суретімен «сөйлесуге», «сырласуға» болады.

Қазіргі кезде суретке түсіру ермекке айналды. Сурет тілінің не екенін білмесек те, суретке түсіруге құмармыз. Әр смартфонда бір фотоаппарт бар. Жастар кез келген жерде бас бармағы мен балаң үйрегін қайшылап тұрып, суретке түсе береді.

Қай жылы мен газетке «Тойда түсірілген суреттер» деген мақала жаздым. Қазір тойға барсаң, жас балдар суретке түсіріп жүреді. Қалай түсіреді, қатарластырып қойып, басыңды қақшитып баса береді. Той деген – нағыз тосын әрекеттер ортасы, бір-бірімен сағына қауышып, айқара құшақтасып жатқан адамдардың қуанышы қандай ғажап! Дастарқан басындағы шынайы шүйіркелесу ше, ол да бір ғанибет. Бірақ, әлгі суретшілер адам жүзіндегі сол әсерлердің бәрін сырып тастап, фотоаппартқа телміртіп қояды. Ол кезде сен «қалай боп тұр екенмін, ә...» деген жасанды түрге көшіп аласың.

Сол мақаламды Болат ағам оқып: «Бір кезде суретке түсірумен айналыстың ба?» деп сұрады. Иә, мектепте жүргенде қызығушылығым болған. Сосын адам қимылының бір сәті өмірінің соңына дейін екінші мәрте ешқашан қайталанбайтынын айтып, терең әңгіме қозғады. Тақырыпты түсіне білгеніме ризашылық танытты.

Рас, кейде суретке түсіру үшін фотошыға кейіпкерін арнайы дайындауға тура келеді. Әрине, объектив айнасы алдында тұрған бейне суретші шеберлігіне тәуелді. Нағыз маманның мұлт кетпейтін жері – осы тұс. Болат аға бойындағы бұл қасиет бала кезінде-ақ дамып, жетілген секілді.

Адамның мінез-құлқын, көңіл-күйін білдіретін сәттер үнемі өз қалпымен қоса-қабат жүрмейді. Қас қағым сәтте жарқ ете қалатын мыңнан бір мезетті әркімнің сезіп, көре білуі де екіталай. Сол сәтті фотосуретші табады, сол сәт Болат ағаның объективінде жүреді.

Марқұм Данабаев Қази ағам: «Екеуіннің де бойың кішкентай, біреуің сөзбен, біреуің көзбен сурет саласыңдар. Мен білсем, Болат сенің әкең», – дейтін. Содан бастап, Бөкең әкемдей болды. Ол редакциядағы, облыс журналистикасындағы барлық жастардың әкесі, атасы атанды. Кейін зейнет демалысына кеткесін де мені көрсе, «пәленше не істеп жүр, түгенше қайда» деп жас балдарды сұрап, түгендейтін.

Зейнетке шыққан соң редакцияға мойын бұрмады. «Қанша жыл нанын жеген ақ отауым, сол отаудың ішінде оттай лаулаған жастарды көріп, баяғы албырт шағым есіме түсіп, өзіме өзім сыймаймын» дейтін, маған. Соны айтып тұрғанда ол емес, мен жылап тұрыппын. Неге екенін білмеймін.

Толқындаған тірлікті қалт тоқтатып, сосын қайта жан салатын мұндай дарын енді қашан туады, оны да білмеймін, мен...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

БҮГІН – МҰҒАЛІМ КҮНІ

ТӨРТ ҰРПАҚТЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Сырдария ауданына қарасты «Шіркейлі» ауылында Айдар Ибрагимұлы Абдулпаттаевтан басталған ұстаздық жолды бүгінде төртінші ұрпақ жалғастырып келеді. Айдар Ибрагимұлы жастайынан зерек, білімге құштар болыпты. Бұқарадағы «Көкілташ» медресесінде діни сауатын ашып, төрт жылда қари атанып елге оралған. Қари атағы Құранды жатқа білетін адамға беріледі. Дүниеден ерте кеткен әкесінің ұстаған мешітінде бала оқытуға енді кіріскенде діни сауаты бар адамдардың басына бұлт үйірілген уақыт келді.

Заманның беталысын байқаған алғыр жігіт Қызылордадағы педкурста, кейін педучилищеде оқып, білімін жетілдіреді. Сөйтіп «Жаңадария» мектебінің негізін қалаған алғашқылардың қатарында бастауыш сынып мұғалімі болып барады. Одан кейінгі еңбек жолы Тереңөзектегі Калинин атындағы, қазіргі №35 мектепте жалғасқан. Үздік ұстаз ретінде сыйақы алғаны, Мәскеудегі бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесіне барғаны туралы құжаттар әлі күнге дейін бар.

Ел басына күн туып соғыс басталған соң, 1942 жылы майданға аттанған. Шәкірттерінің бірі Қожабек Қоянбаевтың ертеректе аудандық газетте жарияланған мына өлеңінен де ол кісі туралы білуге болады.

– Біздің асыл Айдар ағай армияға алынды,
Екіталай еш кезде ер бекінбей тұрған ба?
Қапаланып, ренжідік, жақсы ағадан
айырылып,
Балапандай жараландық, қанатынан
қайырылып.
Аман-есен оралыңыз, дедік-тағы қалдық біз
Қатар орап санамызды екі сезім –
қайғы-үміт
Сұм дүние-ай, алдымызда, ғылым шайқап
күлімдеп,

Бірімізді қарағым деп, бірімізді күнім деп,.. – деген өлеңде сол жылдардың бейнесі бедерленген.

Майдангер ұстаздың немересі Бағдаттың қолында сарғайған хаттар да сақталыпты. Біреуі өлеңмен жазылған. Оны жары, тоқсан жасаған Үмбіш әже айтып отырады екен.

– Жүрмісің, сау-саламат қамқор анам,
Хат жазды соғыстан Айдар балаң,
Соғысып жарадар боп шықтым тірі,
Көрсеттің жанабыңды Алла тағалам!
Сағынбай жеткіншектер ойнап жүр ме?
Нағима, Сайфулла мен Сапи балаң,
Сағынып қарақтарым қалды ма деп,
Болып жүр осы күні көңілім алаң, – деп басталатын өлеңде ағайын-туыстың атын атап, аман-сау көрісуді тілеген.

1943 жылы 17 шілдеде жазған соңғы хатында «22 маусым күні фронтқа қарай беттедік. 13 шілде күні запасный полк қасынан ашылған командирлік оқуға алды. Қанша күн оқитынымыз белгісіз, көп болса, бір-бір жарым ай» депті. Содан кейін «хабар-ошарсыз кетті» деген хабар келген. Басқа деректерді қанша іздестіргенмен, еш мәлімет жоқ.

Айдар ұстаздың ағасы Қазақ КСР Еңбек сіңірген мұғалімі, «Құрмет белгісі» орденімен, Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін бірнеше орден-медальдармен марапатталған Оспан Абдулпаттаев Тереңөзек кентінде алғаш мектеп ашқан, басшы қызметтерде болған. Қазіргі уақытта Тереңөзектегі №210 орта мектебі оның есімімен аталады.

Ал інісі Сапиулла Абдулпаттаев Қызылорда пединститутын бітірген соң Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы «Жарқамыс» орта мектебінде бірнеше жыл тарих пәнінен сабақ береді, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.1961 жылы ҚазМУ-дың аспирантурасына, одан әрі ғылым жолына түседі. Тарих ғылымының докторы, профессор, Жамбыл тамақ және жеңіл өнеркәсіп технологиялық институтында, ҚазМУ-де және Абай атындағы университетте қызмет атқарған.

Қан майданнан оралмаған Айдар мұғалімнің артында Сайфулла мен Нағима деген екі бала қалды. Сайфулла ағайдың есімін «Шіркейлі» ауылының тұрғындары, осы жерден түлеген үлкен-кіші ұмытпай айтып жүреді. Ол Қызылорда пединститутын бітірген соң, ауыл мектебіне ағылшын тілін үйретуге келген алғашқы мұғалімдердің бірі болды. Қысқа болса да, мағыналы ғұмыр кешті. Бүгінде ізінде қалған 10 баланың бесеуі атадан басталған әке жолын жалғап келеді.

Гүлнар Ибрагимова ауыл мектебінде, яғни Ә.Жәмішев атындағы №129 мектеп-лицейінде физика пәнінен, Бақыт денешынықтырудан, Гүлайым технологиядан, Бағдат биологиядан сабақ береді. Ал Гүлжайна Назарбаев зияткерлік мектебінде еңбек етеді.

Сайфулла ағайдың немере-жиендері де атабадан бері қарай үзілмеген алтын арқауды одан әрі сабақтастырды. Мақсат ағылшын тілі пәні мұғалімі, Жансейіт Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде, Динара Астана медицина университеті «Көз аурулары» кафедрасында, Назерке Астана Халықаралық университетінде оқытушы. Сейітмұхаммед №12 спорт мектебінде жаттықтырушы, Назым Астана қаласындағы №103 орта мектепте орыс тілі пәнінен, Меруерт Алматы қаласындағы орта мектепте математика пәнінен сабақ берсе, Әйгерім Талсуат №2 әлеуметтік орталығында дефектолог-мұғалім, Бибінұр мен Шұғыла Еуразия ұлттық университетінде оқиды, болашақ ұстаздар.

Ұстаздар әулетіне түскен келіндер Набат Сайлаубекова, Жанна Сұлтанова, Қалдыгүл Сәрсенәлиеваның да мамандығы мұғалім.

Әр заманда туған ұрпақтың өз жолы, өз ұстанымдары болады. Бірақ ұстаз мамандығын таңдаған адамның миссиясы шәкіртті білім шыңына жетелеу, жүрегіне ізгілік дәнін себу болып қала бермек.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Сурет ашық дереккөзден

Алматы вокзалы ығы-жығы. Кешелі бері күн қабағы ашылмай тұр. Алатау мұнартып көрінеді. Өрге қарай өскен шыршаларға, тасты жарып өскен тамырларына таңырқай қараймын. Иә, тасты жарып өсіп тұр. Табиғаттың осы бір тылсым күшіне бас имей болмайды. Бәріне таңырқайсың. Бұдан бірер күн бұрын Алматыдағы «Жас Алаштың» байырғы журналисі, белгілі баспагер, аяулы дос Серік Әбдірәйімұлының қазасына қатысып, еңсемді көтере алмай, бойымды тіктей алмай тұрмын.

Алматы вокзалындағы кассадан билет алдым, бесінші вагон, төменгі орын, купе. Екі адамдық. Қасыма бір тәуір адам орналасса, тынығып қалар едім, бәлкім, бір масаң кездессе қайтем. Тәуекелге бел буып, вагон баспалдағына аяқ салдым. Жолсерік келіншек екен, «Жолыңыз болсын аға!» деді.

Купеге бас сұқтым. Тып-тыныш. Қолымдағы заттарымды жатар орынның астына орналастырып, киімдерімді ілгешекке ілдім, жеңіл киімдерімді киіп алып, жастыққа бас қойып, аяғымды созып жатырмын.

– Қасыңыздағы орын 23 пе? – деген дауыс саңқ етті.

– Иә, менікі 22, қасымдағы орын №23 қарағым.

Шамасы қырыққа таяп қалған келіншек секілді. Жүзі жылы көрінді. Тәп-тәуір боянғаны көрініп тұр. Жолаушы келіншектің жүгі көп көрінді. Төрт-бес чемодан. Купе іші қас қағым сәтте толды.

– Қарағым, бұл неткен чемодан? Бұл жүкті қалай көтеріп келдің? Сауда жасайсың ба?

– Аға, ку тірлік қой. Чемодандағы заттардың бәрі сатылатын киім-кешек. Сауда жасап күн көріп жүрген жай бар...

Әңгімемді доғара қойдым. Өзі қонақжай келіншек екен, лезде шай әкеліп, дастарқан жайды. Терлеп-тепшіп шай іштік. Байқаймын, өз жайынан әңгіме айтқысы жоқ. Менің сөйлегенімді қалайтын секілді. Қою шай әңгімені төгілтуге жол ашқандай болды.

– Сауда жасағанның өзегі талмайды. Қиянатқа бармай, бәрін нысаппен істеген адамның жүзі жарқын, сонда береке болады. Барға қанағат еткен абзал.

– Дұрыс айтасыз, аға. Өзіңіз бұрын сауда жасап көрген адамдайсыз ғой?

– Жоқ қарағым, мен қарапайым қаламгермін. Ұзақ жыл баспасөзде қызмет атқардым. Қазір зейнеткермін.

– Бәсе, әңгімені төгілте айтасыз. Жол қысқарсын, әңгімеңізді жалғастыра беріңіз. Тағы да бір шәйнек шай әкелейін, – деп жолсеріктің бөлмесіне қарай суыт кетті келіншек. Тағы да шай басталды. Келіншек үнсіз, әлі де мені тыңдап, бар сырымды ақтарып болғанша сабыр сақтап отырған сыңай байқатты.

– Бір диқан шал болыпты. Бақшасының ортасындағы шағын лашығында тынығып жатса керек. Аспаннан бір ақ бүркіт келіп, кіндігінің үстіне қоныпты.

– Кіндігінің үстіне дейсіз бе? Диқан қолымен неге қақпаған аға?

– Сабыр сақтаған. Бүркіт кәдімгі адамша сөйлеп қоя берген, бұрынғы танысындай сөзді төгіп, диқан шалды маужыратқан, буынына түскен.

– Иә, диқан, қандай арманың бар?

– Арман көп қой. Қайсыбірін айтайын. Мен үйге барып, әйеліммен, үш ұлыммен ақылдасайын.

– Жарайды, түс ауа келемін, оған дейін үйіңе барып, ақылдасып кел, – деп бүркіт көтеріліп, ұшып кетіпті.

Диқан аң-таң. Ішінен:

– Астапыралла! – дей беріпті.

– Бұл қандай бүркіт? – деп диқан шал үйге тартты. Болған жайды баяндады. Бүркіттің ұшып кеткенін, қайта оралатынын, қандай арманың бар деп сауал қойғанын баяндады. Алдымен үш ұлы келді. Сөзді бірінші ұл алды.

– Ата, қандай арманың бар десе бүркітке былай деп айтыңыз, – деді үлкен ұл. – Бір он гектар жер алып берсін маған. Егін егіп шалқытайын.

– Сен не дейсің, екінші ұл?

– Сауда орталығын салатын ақша берсін, бүркіт.

– Иә, үшінші ұл сенде қандай арман бар?

– Бір үйір жылқы алуға ақша берсін.

Бәріңнің ойыңа қаныктым, ұлдарым. Енді үйдегі шешеңді шақыр. Не айтар екен?

– Байлық таусылады, дүние – қолдың кірі, шалым. Қарабайлардың ақыры не болды? Бізге сол бүркіт қанағатын тастап кетсе болды. Қанағат қарын тойғызады, шалым!

Түс ауа бүркіт келді. Диқан шал ұш ұлының арманын айтты. Кемпірінің аузынан шыққан қанағат сөзін естігенде ата бүркіт құлай кетіп, адам қалпына, үлкен сақалы төгілген шал болып шыға келіпті.

– Мен Қыдырмын, диқан шал. Барлық жерді аралап, саған тоқтағанда ойымнан шыққан сөзді сенен ғана естідім. Кемпірің данышпан екен, қанағат сөзін айтты, мен өмірбақи сенің есігіңде қартаятын болдым. Бар байлық, дәулет бұдан былай сенің шаңырағыңа қонады деп сәлден соң көзге көрінбей ғайып болып кетіпті.

Диқан шалдың дәулеті тасып, үш жүзге танымал Атымтай жомарт болып, дүниеден өтіпті деген аңыз бар.

– Аға, мына әңгімеңізде үлкен ғибрат бар. Қалай бәрін ойға сақтағансыз, – деп келіншек маған таңырқай қарап, біраз ойға түскендей кейіп байқатты.

Таң атты. Түркістанға жақындап қалыппыз. Асқа отырдық.

– Мына арабтар әрбір таң атқанда қуана тұрады екен, қарағым. Балашағасымен ажалды тағы бір күн кейінге қалдырдық деп қол жаятын дәстүрі бар көрінеді.

– Ойпырмай, ә, – деді келіншек.

– Дәл солай. Бір газеттен оқығаным бар.

Түркістанға келдік. Қасымдағы келіншектің бір әріптесі осы жерде тұрады екен, үлкен табақ ет пен қойдың басын әкеліп, алдымызға қойды. Аң-таң қалдым. Қай кезде телефон соққан, тапсырма берген?

– Сіздерге сыбаға. Мен мына келіншектің құрбысымын, аға. Жолдарыңыз болсын!

– Рахмет, айналайын. Кәсібіңе береке берсін.

– Аумин, аға, – деп табақ көтерген келіншек біздің купеден шығып бара жатты.

Екеуара отырып, Түркістанның дәмін таттық. Мен әңгімені әріден қозғадым.

– Ертеде Абайды Кәкітай қонаққа шақырып, сыйласа керек. Үлкен табақта қойдың басы, жамбас тұр. Абай, жамбасты қолына ұстап тұрып, Кәкітай «мына жамбас сенің отарыңнан емес, біздің отардағы қойдың жамбасы сияқты» десе керек. Сөйтсе Кәкітай Абайдың отарынан бір қойды қағып түсіп, қонаққа шақырып отыр екен. Сонда Кәкітай өлеңдетіп:

– Жүргем жоқ біреуді алдап,
біреуді арбап,
Жүрмін ғой, қызыл тілді
әрең жалдап,
Қысқа жіп күрмеуіме келмеген соң
Ұшына жіберіп ем, арқан жалғап, – дегенде ұялғанын сезіп Абай:

– Бәсе, ұялған тек тұрмас деген осы екен-ау, Кәкітай, – деп тіл қатыпты.

– Бұл сөзде қандай астар бар. Мына қойдың басына күдіктеніп отырсыз ба, аға? – Күдіктенбеңіз. Менің әріптесімнің адал малы!

Сәлден соң сөзді азайтып, қасымдағы келіншектің де әңгіме айтуын өтіндім.

– Аға, бізде не әңгіме болсын. Сіздей әңгіме айту бізге әлі алыс.

– Айтып отыр. Кәсібіңнен әңгіме айт, отбасыңнан сөз қозға.

Келіншектің жүзі жабырқаулы. Көзінен төгілген жасты орамалымен әлсін-әлсін сүртіп, маған сездірмегендей болып отыр.

– Өзінде бір мұң бар сияқты ғой, қарағым?

– Алла ғана мұнсыз, төрт жағы құбыла Алла. Ал пенде болған соң, өмір болған соң не кездеспейді? Бағанадан бері сізді тыңдап, шөлім қанды. Енді мен бірер әңгімені сабақтайын, – деп келіншек бойын тіктегендей болды.

– Күйеуім дүкен ашты. Екеулеп сауда жасадық. Қор жиналды. Жақсы тұрдық.

– Адамзаттың асылы Мұхаммед пайғамбар да өзінен жиырма жас үлкен зайыбы Қадишамен бірге сауда жасап, өрге домалатқан, сол арқылы дәулетке кенелген, – дедім мен де келіншектің сөзін қостай түсіп.

– Бұдан хабарым бар, пайғамбар жайында бір романды жата-жастанып оқығанмын, аға?

– Ә, ол роман Вера Панова мен Юрий Бахтиннің «Мұхаммед пайғамбардың өмірі» атты толғауы ғой.

– Ту, дәл айттыңыз, ойыңызға қалай сақтағансыз, аға?

– Дүкеннен тұрмысымыз жөнделді. Тату-тәтті өмір сүрдік, бала сүйдік. Кенет күйеуім бір бойжеткенмен байланысып, соған үйленді. Хабарласпайды. Кенет ұлым қолымдағы келінді тастап, басқа бір ұлттың қызына үйленіп, қоныс аударды. Жығылғанға жұдырық деген осы болар. Міне, өмір осылай, жүріп жатыр аға.

– Тағдыр адамды сан алуан шытырманға салады ғой, қарағым. Қолыңдағы немерелеріңді ержеткіз. Әлі-ақ жетіліп кетесіз.

– Мұныңыз да ақыл, – деп келіншек әңгімені кілт үзгендей болды.

Пойыз тоқтады. Мен Қызылордадан түстім. Екі күндей серік болған келіншектің аты-жөнін сұрамаппын, ол да менің аты-жөніме ықылас білдірмеді. Үн-түнсіз жүктеріме көмектесіп, вокзалға дейін шығарып салғаны есімнен кетпейді.

Иә, содан бері арада біраз жыл өтті. Сол келіншекке кездесудің бір сәті түспей жүр.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

ҚАЛА КҮНІ

ҚАЛА ТАРИХЫ МУЗЕЙІ:

ЕКІ ҒАСЫРДЫҢ ДЕРЕГІ

Қазақ АКСР-нің астанасын Қызылорда қаласына көшіру туралы шешім қабылданған соң жаңа астанада өткен Кеңестік Қазақстанның V съезінің қаулысымен, 1925 жылдың 19 сәуірінде қырғыз-қазақ атауы Қазақ болып өзгертілді. Сонымен қатар, осыған дейін Перовск аталып келген қаланың атауы Қызылорда болып ауысты. Әсіресе, халқымызға Қазақ атауының қайтарылуы – ұлт тарихындағы аса маңызды саяси шешімнің бірі. Айта кетейік, алдағы жылы осынау тарихи сәт – Қызылорда қаласының алғаш астана мәртебесін алғанына және ұлтымызға Қазақ атауының оралғанына 100 жыл толады.

Біле білсек, Сыр елінің Алаштың анасы атануының өзіндік терең сыры бар. Өйткені Сыр өзенінің төменгі ағысының бойында сонау Сақ тайпасынан бері әр кезеңде астана болған тарихи төрт шаһардың ізі жатыр. Алғашқысы сақ тайпасының астанасы болған Шірік Рабат қаласы болса, одан кейін оғыздар мемлекетінің астанасы Жанкент қаласы, Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың, Қазақ хандығының астанасы Сығанақ қаласы және 1925 жылы Қазақ АКСР-нің астанасы болды. Сол заманнан бері шаһар тарихынан сыр шертетін құнды құжаттардың көшірмелері мен жаңа дәуірге дейінгі жәдігерлер қала тарихы музейінде жинақталған. Айта кетейік, қала тарихы музейі ғасырға таяу уақыт бұрынғы Қазақ орталық атқару комитеті ғимаратының сызбасы негізінде салынған. Бұл Ақмешіттің астана болған тұсында Алашқа қызмет еткен А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов сынды ұлт қайраткерлерінің жасампаз еңбектеріне бағытталған жоғары құрметтің көрінісі деп білеміз.

Ақмешіт – Перовск – Қызылорда

Халқымызға Қазақ деген тарихи атауды қайтару туралы қабылданған қаулының көшірмесі музейдегі ең бағалы құжаттың бірі десек болады. Музейдің бірінші залы «Ақмешіт-Перовск қаласының тарихы және «Алаш» партиясының құрылуы» тақырыбына сай жабдықталған.

Мазмұнына бойласақ, Сырдарияның жоғары ағысында Қоқан хандығы, төменгі ағысында Хиуа хандығы қазақ жеріне жиі-жиі шапқыншылық жүргізіп отырған. Түркістанды қоқандықтар жаулап алғаннан кейін, яғни, 1814-1817 жылдары «Шымқорған», «Күмісқорған», «Жөлек», «Жаңақорған» бекіністері салынады. Осы бекіністердің басты орталығы – «Ақмешіт» бекінісін шамамен 1817 жылы сала бастайды. Алғашқы кезде мұндағы құрылыстардың көпшілігі қамыстан салынғандықтан, бекіністің әуелгі атауы «Қамысқала» болса, кейінірек қала аумағы ұлғая келе «Ақмешіт» аталады.

Ресей империясы әу бастан Сыр бойындағы «Ақмешіт» бекінісін оның төңірегінде мекендеген қазақтарды өзіне бағындыру арқылы Орталық Азияға жол ашуды мақсат еткені белгілі. Осылайша XIX ғасырдың ортасында Ресейдің толық отарына айналды. 1853 жылы I Николай патшаның бұйрығымен осы өңірді жаулауға басшылық еткен Орынбор генерал-губернаторы А.Перовскийдің құрметіне «Ақмешіт» бекінісі «Перовск форты» деп аталды. Сол XIX ғасырдың 40-жылдары Қоқан және Хиуа билігіне қарсы жергілікті халық тарапынан ірі толқулар орын алады. Осы кезеңде Сыр өңірі қазақтарының көтерілісіне Жанқожа батыр Нұрмұхамедұлы және Бұқарбай батыр Естекбайұлы басшылық еткен. Бұл көтерілістер кейін Ресей империясына қарсы қозғалыстарға ұласты.



Ақмешіт бекінісі 1819 ж.

Нақты деректерге сүйенсек, Ресей императоры II Александр 1867 жылы 11 шілдеде «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ережеге», ал 1868 жылы 21 қазанда «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығын басқарудың уақытша ережесіне» қол қойды. Сыр өңірі алғашында Орынбор генерал-губернаторлығы, кейін Түркістан генерал-губернаторлығы, Сырдария облысының құрамына енді.

Айта кетейік, 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылған кезде «Перовск форты» уезд орталығы болып, қала статусын иеленді. Осылайша Перовск уезі 2 бөлімше 23 волыс, 186 ауылдан қалыптасты. 1896 жылғы мәлімет бойынша Перовск уезінің аумағы 105725 шаршы шақырым болған. Тұрғылықты халық негізінен егін және мал шаруашылығымен айналысқан.

Деректерде осы кезеңде ресейлік билік ықпалымен қазақ қоғамында ертеден қалыптасқан билер институты жойылып, оның орнын ереже арқылы сайланған билер басқаны, сол кезеңде Сердалы би Бекшорин, аға сұлтан Дәулет Бушаев сынды билік тізгінін ұстаған қазақ азаматтары Ресей үкіметіне қызмет ете отырып, халықтың мүддесін қорғағаны айтылады.

Ресей империясының Орта Азиядағы саяси мүддесін жүзеге асыруына байланысты XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында Ресей мен Орта Азияны жалғаған «Орынбор-Ташкент» теміржолы салынды. Еліміздің бірнеше аймағымен қатар, Сыр өңірі арқылы өткен бұл жолдың салынуы Перовск қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына зор ықпал етті. Ал Қызылорда астана болған жылдары «Түркістан-Сібір» теміржолы салынды. Бұл теміржол Қазақстанда ғана емес, жалпы кеңес одағы аумағындағы ірі құрылыстардың бірі болды. Бүгінде теміржолдың қызмет етіп келе жатқанына ғасырдан астам уақыт өтті.

Қызылорда 1924 жылға дейін Түркістан АКСР-нің құрамында болған. Осы жылы ұлттық-аумақтық межелеу нәтижесінде Түркістан АКСР-нен Қазақ АКСР-нің құрамына өтеді. Музейде көңілімізді аударған құжаттың бірі – 1937 жылы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының алғашқы Конституциясының жобасы. Бұл құжат 1937 жылы Алматы қаласында, Кеңестік бүкілқазақтық X съезінде қабылданған екен.

«Алаш» партиясы және оның қайраткерлері

Музейде Алаш қайраткерлеріне арналған зал бар. Айталық, XX ғасырдың басындағы елдегі аласапыран кезеңде халық қамын, ұлт мүддесін ойлаған саяси күш «Алаш» қозғалысы болатын. Бұл қозғалыстың басында саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Б.Қаратаев сынды тұлғалар болды. «Алаш» қозғалысының орыс билігінің отаршылдығына қарсы, яғни, ұлтымыздың төл мәдениетін, тілін, ділін, дәстүрін сақтап қалуға, одан әрі дамытуға, елдегі саяси-әлеуметтік жағдайды жақсартуға бағытталған айқын идеясы сол кездегі биліктің үнемі қарсылығына ұшырап отырды. Десек те осы идеяның ізінде Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, тағы басқа тұлғалар да қызмет етті.

Тарихшылардың дерегіне сүйенсек, 1928 жылдан басталған сталиндік репрессия кезінде елімізде 120 мыңдай адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан астамы атылып кеткені айтылады. Оның ішінде Сыр өңірінде 4 мыңнан астам адам айыпталып, 300-дей адам ату жазасын тартқан.

XX ғасыр кезеңінде Түркістан халқын кеңес одағының диктатурасынан қорғауға күш салған, осындай батыл әрі өміршең идеясымен жалпы түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдағы қайраткерлік ұстанымына қатысты деректер де – музейдің құнды құжаттары.

Қызылорда астана болған кезең

Музейдің екінші залында Қызылорданың астана болған 1925-1929 жылдардағы маңызды деректер, қаланың 1938-1990 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы баяндалады.

1925-1927 жылдары Халық ағарту комиссариаты халыққа білім беру ісін дамытып, қазақ қоғамында сауатсыздықты жою, мектептер мен интернаттар жүйесін ұлғайту бағытында Қазақ мектептері, жоғары оқу орындары ашыла бастады. Алғашқы қызметі Орынбор қаласынан бастау алған Қазақ Халық ағарту институты 1925 жылы Қызылорда қаласына көшірілді. Институтта 1927-1928 жылдары А.Байтұрсынов бірқатар пәннен дәріс оқыған. Одан кейінгі жылдары С.Мұқанов, Т.Жүргенов, Т.Шонанов, А.Жұбанов сияқты қоғам қайраткерлері осы оқу орнында оқытушылық қызмет атқарған.

1925-1926 жылдары жаңа аурухана пайдалануға берілген. Өлкелік ауруханадан бөлек, 45 төсегі бар қалалық аурухана жұмыс жасаған. Ал 1927 жылы Қазақстан дәрігерлерінің бірінші өлкелік съезі өтті. Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында қалада 9 тыл госпиталі ашылып, халыққа қызмет көрсетсе, 1970 жылдары құрамында 70 төсектік гинекология бөлімшесі бар 150 төсектік облыстық перзентхана іске қосылды.

Қазақтың кәсіби театры 1926 жылдың 13 қаңтарында Қызылорда қаласында М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» қойылымымен ашылды. Оның директоры және көркемдік жетекшісі Ж.Шанин болды.

Жаңа облыстың орталығы

1938-1939 жылдары еліміз әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыда ауыр кезеңді басынан өткеріп жатты. Сталиндік репрессияның қысымы тек қоғамға емес, халықтың тұрмыстық әлеуетіне де кері ықпал етті. Соған қарамастан, осы жылдары жаңа облыстар құрылды.

1938 жылдың 15 қаңтарында Қызылорда облысын құру туралы шешім қабылданды. Оның құрамына Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Тереңөзек, Сырдария, Жаңақорған аудандары және Қызылорда қаласы енді. Облысқа қарасты 8 әкімшілік аудан, 3 қала, 12 қала үлгісіндегі қыстақ, 99 ауылдық кеңес болды.

Ұлы Отан соғысынан кейін қалада жаңа өнеркәсіп орындары бой көтере бастады. Осы кезеңде Қазақстанда индустрияны дамыту мәселесін жедел шешу қажет болды. Атап айтқанда, 1958 жылы целлюлоза-картон зауытының құрылысы салынса, одан кейінгі жылдары күріш зауыты, құрылыс материалдары және конструкция комбинаты, ТЭЦ, ФНМ және жергілікті өндіріс материалдары мекемелері, локомотив және вагон жөндеу зауыты сияқты ірі өнеркәсіп кешендерінің іргетасы қаланды. Осылардың қатарында «Ақмешіт», «Мерей», «Сәулет» шағын аудандары бой көтерді.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық ахуалын арттыруда аяқ киім және тігін фабрикаларының орны айрықша болды. Фабрика ұжымы барлық өнімді тек бірінші категориямен немесе мемлекеттік сапа белгісімен шығаратын. Сондықтан аталған өнімдер он жыл бойы халықаралық көрмелерден орын алды. Бұдан бөлек, қалада ет, сүт комбинаттарының, күріш өңдеу зауытының іске қосылуы да аймақ өнеркәсібінің өрлеуіне айтарлықтай ықпал етті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, яғни, 1946 жылы «КСРО халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру және дамытудың 1946-1950 жылдарға арналған төртінші бесжылдық жоспары туралы заң» қабылданған. Осы жоспар бойынша өзге өңірлермен қатар, Қызылорда қаласында да қарқынды құрылыстар бастау алды. Қуаты 500 квт дизельді электр станциясы салынды. Тағы бір ірі жоба – «Қызылорда» су торабы құрылысы. 1940 жылы басталып, тоқтап қалған құрылыс 1956 жылы жалғасып, ұзындығы 200 шақырымнан астам сол жаға бас жармасының бірінші кезеңі пайдалануға берілді. Бұл өз кезегінде өңірде егін шаруашылығының өріс алуына оң әсер етті. Айталық, 1937 жылы ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы ретінде құрылса, 1972 жылы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты болып құрылды. Осы ғылыми мекеме жүргізген сан алуан тәжірибелер мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде облыс көлемінде егілетін күріш дақылының сапасы артып, мол өнім алуға қол жетті. Бүгінде өз өнімін ел аумағынан бөлек, бірнеше шетелге экспорттап отырған Сыр өңірі күріш дақылын өндіруден көш бастап тұр.

Тарих. Таным. Тәуелсіздік

Музейдегі үшінші зал Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі тақырыбында жабдықталған. Ғасырлар бойы халқымыздың арманы болған азаттыққа қол жетіп, қазақ елінің тәуелсіз ел болуы, егемен елдің Тұңғыш Президентінің сайлануы, Ата Заңның, Мемлекеттік рәміздердің қабылдануы, елорданың Астанаға көшірілуі туралы мәліметтер орналастырылған.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Мемлекет басшысы Н.Назарбаев қол қойған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін жариялау туралы» ресми құжатының көшірмесі Тәуелсіздік тарихын әйгілейтін басты құжаттардың бірі екені белгілі.

Ал 1997 жылы 20 қазанда ел Президентінің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы шықты. Осы Жарлық негізінде 1997 жылдың 10 желтоқсанында Ақмола қаласы қазақ елінің астанасы құқығына ие болды.

Жалпы зал экспозициясында Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің әлемдік қарым-қатынастағы саяси маңызды шешімдері, оның ішінде Қызылорда облысының Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктері, әлеуметтік-экономикалық дамуы баяндалады. Бұл тақырып аясында музей экспозициясына 1000-ға жуық экспонат орналастырылған.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

2024жылғы 4-тоқсанға арналған Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының азаматтарды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
Қызылорда облысының Әділет департаменті	Бакишева Ирина Джумабаевна	Қызылорда облысының Әділет департаментінің басшысы	сәрсенбі, жұма күндері сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1-қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-51 23-10-09 i.bakisheva@adilet.gov.kz
	Оразгелді Ұзақбай	Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының орынбасары	күнделікті сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1-қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-50 u.orazgeldi@adilet.gov.kz
	Асадинұлы Жамбыл	Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының орынбасары	күнделікті сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1-қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-16 zh.assadinuly@adilet.gov.kz

Ескертпе: Алыс қалалардан, аудандардан келген азаматтар күнделікті сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін қабылданады.
Қызылорда облысының Әділет департаментінің сенім телефоны: 8 /7242/ 23-10-09.

Хабарландыру

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 2-тармағы 14-тармақшасының талаптарын орындау мақсатында, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 2 қазандағы №55-НҚ бұйрығымен, 1 кВт*сағ электр энергиясын беру қызметіне:

- 2024 жылғы 1 қарашадан 31 желтоқсан аралығына 7,08 теңге;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 қазан аралығына 7,007 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) уақытша өтемдік тариф бекітілгендігін хабарлайды.

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 15 сәуірінде №000011-12 лицензиясы берілген)

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** **Таралымы 22980** **Тапсырыс №1562**
Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**